ҚЫСТЫ БОЛЖАУДЫҢ ҚЫРЫҚ СЫРЫ...

7-БЕТ | САРАПТАМА

СОЙДАҚТАЛҒАН ТАҒДЫР

8-БЕТ | ҚОҒАМ

НҰРДАН БОЯУ ЖАСАҒАН

9-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Қазақстан цифрландыру саласында қол жеткізген жетістіктерін еселей түсуге тиіс. «Электронды үкімет» платформасына жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу қажет. Қазақстан жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын және цифрлық технологияларды дамытып жатқан елге айналуға тиіс. Бұл – Үкіметтің басты міндетінің бірі.

№130
(4718)
Бейсенбі
31 қазан
2024 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ТУРИСТІК АУДАН САЛЫНАДЫ

Бас қалада жаңа көпфункционалды туристік аудан құру жоспарланып отыр.

Жаңа ауданның ішінде қонақүй, мейрамхана және басқа да ойын-сауық орталығы құрылады. Бұл туралы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің қаулысында айтылған.

«Еліміздегі арнайы экономикалық аймақтардың аумағы – 846,185 гектар жер. Оның құрамына ауданы 157,585 гектарды құрайтын «Көпфункционалды туристік аудан» субаймағы кіреді» делінген Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің қаулысында.

Сондай-ақ қаулыда әлеуметтік, денсаулық сақтау және туризм саласына инвестициялар тарту арқылы Астана қаласының жедел дамуына мүмкіндік беретіні айтылған. Осылайша «Астана-Технополис» арнайы экономикалық аймағының аумағын кеңейту көзделіп отыр. Қаулы жобасы 12 қарашаға дейін «Ашық НҚА» порталында қоғам талқысына ұсынылды.

«АҚЫЛДЫ» ҚАЛАНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Еліміздің бас қаласының инновациялық қарқынын ілгерілетіп, қауіпсіздік, тұрғындарға қолжетімділік секілді мәселелерді шешуде «Smart city» жобасының игілігі мол. Жоба концепциясы әлемде күннен-күнге өзекті тақырыпқа айналуда, бұл қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту және қалалық ресурстарды басқарудың тиімділігін арттыру үшін озық технологияларды пайдалануға негізделген.

МЕКТЕПТЕ ТЕЛЕФОН ҰСТАМАЙДЫ

Елорданың бірқатар мектебінде «Смартфонсыз мектеп» жобасы іске қосылды. Бұл туралы Астана қаласы Білім басқармасының баспасөз қызметі хабарлады.

«Білім сапасын арттыру мақсатында Астанада бірқатар білім беру ұйымында «Смартфонсыз мектеп» жобасы іске асып жатыр. Оқушылар сабақтың алдында ұялы телефонын арнайы ұяшықтарға салып қояды» делінген хабарламада. Жаңа жоба елорданың №1, 4, 7, 8, 17, 18, 25, 28, 29, 32, 34, 43, 46, 48, 52, 58, 70, 73, 76, 77, 87, 93, 103, 108 білім беру мекемелерінде жүзеге асуда.

Еске сала кетсек, былтыр қарашада оқушыларға сабақ үстінде телефон қарауға шектеу енгізілген еді.

ТЕГІН ҮЙІРМЕЛЕР ШАҚЫРАДЫ

Астана қаласы әкімдігінің «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесінде зейнеткерлер үшін тегін үйірмелер жұмыс істейді.

Орталықта жаттығу терапиясы, йога, Цигун тыныс алу жаттығуы, кунг-фу, би, скандинавиялық жүріс, арт-терапиясы, еңбек терапиясы, ағылшын, қазақ тілдері, компьютер курсы, шахмат, тоғызқұмалақ, вокал үйірмелеріне қатысуға болады. Орталық филиалдары Алматы ауданы бойынша Р.Қошқарбаев көшесі 29/1-үйде, Байқоңыр ауданы бойынша Абай көшесі 46-үйде, Есіл ауданы бойынша Достық көшесі 13-үйде, Сарыарқа ауданы бойынша Бейбітшілік көшесі 25-үйде, Нұра ауданы бойынша Төле би көшесі 44-үйде орналасқан. Жұмыс уақыты: дүйсенбі мен жұма күндері аралығында сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін.

№130 (4718) 31/10/2024 Бейсенбі

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ДОСТЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚТЫҢ ЖАҢА ПАРАҒЫН АШҚАН КҮН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Моңғолияға мемлекеттік сапары екі ел арасындағы дәстүрлі достық қарым-қатынастарды стратегиялық әріптестік деңгейіне дейін көтеруге ықпал еткен және екі ел арасындағы қарым-қатынастың жаңа тарихи парағын ашқан ерекше маңызы бар оқиға болды. Осы оқиғаларды рет-ретімен баяндайық.

ШАҒЫН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Ухнаагийн Хурэлсухпен кездесті. Келіссөздерге дейін Үкімет үйі алдындағы Сухэ-Батыр алаңында ресми қарсы алу рәсімі өтті. Қазақстан Президентін алаңда құрмет қарауылы және сауыт киген салт атты моңғол жауынгерлері қарсы алды. Құрмет қарауылы бастығының рапортынан кейін екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Содан соң мемлекеттер басшылары бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық көрсеткені үшін Ухнаагийн Хурэлсухке ризашылық білдіріп, өзінің Мемлекет басшысы ретіндегі Моңғолияға алғашқы сапарына ерекше мән беретінін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, Моңғолия – Қазақстанның маңызды серіктестерінің бірі. Қос халықтың дәстүрі мен мәдени-тарихи тамыры ортақ.

«Құрметті Президент, бүгін Сіздің шақыруыңыз бойынша Моңғолияға мемлекеттік сапармен келіп отырмын. Маған және Қазақстан делегациясына, бұл – үлкен құрмет. Бүгін біз екіжақты маңызды құжаттарға, соның ішінде Қазақстан мен Моңғолия арасында стратегиялық серіктестік орнату туралы декларацияға қол қоямыз. Бұл қадам елдеріміздің барлық деңгейдегі ықпалдастығын жандандыруға арқау болмақ. Сондай-ақ қос халықтың игілігі үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады деп сенемін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Ухнаагийн Хурэлсух Қазақстан Президентінің Моңғолияға мемлекеттік сапары екіжақты ынтымақтастықты мүлдем жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдірді.

«Шын мәнінде, екі ел арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағанына 30 жылдан асты. Қазақстан Президентінің Моңғолияға мемлекеттік сапары соңғы рет осыдан 16 жыл бұрын болған еді. Еліміз Сіздің бүгінгі сапарыңызды екіжақты ынтымақтастықтың таяу жылдардағы перспективті бағыттарын айқындайтын мезет ретінде қарастырады. Бұл сапар екі елдің қарым-қатынасын стратегиялық серіктестік деңгейге шығару тұрғысынан өте маңызды» деді Моңғолия Президенті.

Мазмұнды әңгімелесу барысында мемлекеттер басшылары саяси, сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды дамыту перспективасына айрықша мән берді. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы, тау-кен және металлургия кешені, энергетика, көлік-логистика, қаржы салаларындағы қарым-қатынас мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірлескен жобалар мен қол қойылған құжаттарды сапалы жүзеге асырудың мәні зор екенін атап өтті. Президенттер халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер, соның ішінде көпжақты құрылымдар аясындағы ықпалдастық жөнінде пікір алмасты. Кездесу соңында Моңғолия Президенті Мемлекет басшысына 60 мыңнан астам сөз енген қазақ-моңғол сөздігін сыйға тартты.

ҚАЗАҚ ПЕН МОҢҒОЛ – ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ МҰРАГЕРЛЕРІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ухнаагийн Хурэлсух екі ел делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз өткізді. Қазақстан Президенті шағын құрамдағы кездесудің қорытындысына жоғары баға беріп, Моңғолиямен мемлекетаралық қарым-қатынасты одан әрі дамытудың басым бағыттарын айқындады.

«Қазақ және моңғол халықтары – Ұлы дала өркениетінің мұрагерлері. Ынтымақтастықты жаңа стратегиялық деңгейге көтеру екі елдің мүддесіне сай келеді. Біз моңғол халқына үлкен құрметпен қараймыз және Моңғолияның жетістігіне әрдайым қуанамыз. Қазіргі уақытта Сіздің бастамаңызбен ауқымды саяси-экономикалық және әлеуметтік реформалар қолға алынды. «Vision-2050», «Азықтүлікпен қамтамасыз ету және оның қауіпсіздігі», «Салауатты моңғол ұлты» сияқты маңызды мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің арасында тығыз парламентаралық және үкіметаралық байланыстар қалыптасқанын еске салып, ынтымақтастықты нығайтуға айтарлықтай мүмкіндік бар екеніне назар аударды.

«Сауда-экономика, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, тау-кен индустриясы, өнеркәсіп, инвестиция, жаңа технологиялар, ғарышты игеру салаларында ықпалдастықты жандандыру қажет. Бүгін қол қойылатын құжаттар саяси және экономикалық алыс-берісті дамытуға тың серпін береді деп сенемін» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қол жеткізілген уағдаластықтарды екі ел үкіметтері уақытылы және сапалы жүзеге асыруы қажет деп санайды. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы мәдени-гуманитарлық байланысты нығайтудың мәнмаңызына тоқталып, Астанада өткен Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысқаны үшін моңғол спортшыларына алғыс айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан моңғол студенттері үшін квота санын ұлғайтуға дайын екенін мәлімдеді. Сондай-ақ екі ел ғалымдарын ортақ бай тарихи мұрамызды бірлесе зерттеуге шақырды.

Бұдан бөлек, Президент экологиялық, тарихи, этнографиялық және экономикалық туризм бағыттарында бірлесе жұмыс істеуге мол мүмкіндік бар екенін атап өтті.

«Қазақстандық туроператорлар моңғол туристеріне Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан ежелгі Түркістан қаласын таныстыра алады. Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханның мазары тұрған Ұлытау облысын және басқа да туристік орындарды көрсетуге болады. Сондай-ақ біз Моңғолиямен Алтай туризм кластерін дамытуға және ортақ туристік бағыттарды қалыптастыруға мүдделіміз» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Моңғолия Президентін келесі жылы Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды.

Өз кезегінде Ухнаагийн Хурэлсух Моңғолияның Қазақстанмен екіжақты байланыстардың барлық бағытын нығайтуға бейіл екенін растады. Ол бүгін қол жеткізілген уағдаластықтар екі ел арасындағы қарым-қатынастың жаңа парағын ашатынына сенім білдірді. Ухнаагийн Хурэлсух Қазақстанды Моңғолияның маңызды серіктесі, сондай-ақ Шығыс пен Батыстың арасындағы алтын көпір екенін атап өтті. Оның сөзінше, Ұлан-Батыр Қазақстанның экономикалық даму тәжірибесіне ден қойып отыр. Сонымен қатар сауда, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, ғарышты зерттеу салаларындағы екіжақты жобаларды тиімді жүзеге асыруға айрықша мән береді. Атап айтқанда, Ухнаагийн Хурэлсух Қасым-Жомарт Тоқаевтың екі ел арасындағы тауар айналымын 500 миллион долларға дейін жеткізу туралы ұсынысын қолдады.

ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАРҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ?

Келіссөздер аяқталғаннан кейін мемлекеттер басшылары Стратегиялық серіктестік орнату туралы бірлескен декларацияға қол қойды. Содан кейін қол қойылған құжаттарды алмасу рәсімі өтті. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Моңғолияға мемлекеттік сапары аясында екі ел делегациялары төмендегідей құжаттарға қол қойды:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Моңғолия Үкіметі арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

2. Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы 2025-2027 жылдарға арналған сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыру жөніндегі жол картасы;

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Моңғолия Үкіметі арасындағы авиациялық іздестіру және құтқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

4. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі мен Моңғолияның Жол және көлік саласын дамыту министрлігі арасындағы автомобиль жолдарын дамыту туралы меморандум;

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Моңғолияның Сыртқы істер министрлігі арасындағы 2025-2027 жылдарға арналған ынтымақтастық туралы жоспар;

6. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Моңғолияның Мәдениет, спорт, туризм және жастар ісі жөніндегі министрлігі арасындағы мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

7. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі мен Моңғолияның Мәдениет, спорт, туризм және жастар ісі жөніндегі министрлігі арасындағы туризм саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

8. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Моңғолияның Азық-түлік, ауыл шаруашылығы және жеңіл өнеркәсіп министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

9. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті мен Моңғолияның Бас ветеринариялық басқармасы арасындағы ветеринария қызметі және карантин саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

10. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Моңғолияның Цифрлық даму, инновациялар және коммуникациялар министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

11. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен Моңғолияның Атом энергиясы жөніндегі комиссияның атқарушы кеңсесі арасындағы атом энергетикасы саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум.

БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕ ЖАСАДЫ

Қазақстан және Моңғолия президенттері келіссөздер қорытындысы бойынша БАҚ өкілдері алдында брифинг өткізіп, бірлескен мәлімдеме жасады. Президент, ең алдымен, Ұлан-Батырға мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны үшін Ухнаагийн Хурэлсухқа шынайы ризашылығын білдіріп, бұл сапардың мән-маңызы ерекше екенін жеткізді.

«Моңғолия – аймақтағы маңызды көршіміз. Біз бір-бірімізге тілектеспіз. Біздің тарихымыз, рухани және мәдени құндылықтарымыз – ортақ. Бүгінгі кездесу қазақ тарихында айрықша орын алатын Жошы ұлысының 800 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Мұның екі халық үшін символдық мәні зор. Соңғы жылдары қазақ-моңғол қатынастары қарқынды да-

мып келеді. Берік татулыққа негізделген ынтымақтастық стратегиялық серіктестікке ұласты. Біз Президент Хурэлсух мырзамен бірге арнайы декларацияға қол қойдық. Бұл құжат екі елдің достығын нығайта түседі. Түрлі саладағы тиімді байланыстарды дамытуға тың серпін береді» деді Мемлекет басшысы.

ЫҚПАЛДАСТЫҚ ТЕРЕҢДЕЙДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев тараптар сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты тереңдету жөнінде уағдаласқанын айтты.

«Жалпы, келіссөздер өте табысты өтті деуге толық негіз бар. Атап айтқанда, экономикалық қарым-қатынасты жандандыруға келістік. Қазақстан мен Моңғолия Азиядағы ірі елдер санатында. Сондықтан өзара сауда айналымы ауқымды болуға тиіс. Былтыр сауда-саттық көлемі 150 миллион долларға жуықтады. Бұл көрсеткішті көп ұзамай 500 миллион долларға дейін жеткізу жоспарда бар. Ол үшін алыс-берістегі тауар түрін көбейту керек. Сондай-ақ экономикалық ықпалдастықты тежейтін кедергілерді жою қажет. Екі ел үкіметі нақты шараларды қабылдайды. Бүгін Сауда-экономикалық байланысты арттыру жөніндегі жол картасына қол қойдық» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, екі ел делегациясы ауыл шаруашылығы, өндіріс, көлік-логистика және энергетика саласына қатысты нәтижелі келіссөз жүргізген.

«Қазақстанда мал ауруларына қарсы вакцина шығаруға мүмкіндік бар. Осы орайда, алдағы уақытта Моңғолияда вакцина өндірісін ашуға келістік. Сонымен қатар жаңа технологияны, қазба байлықты бірлесіп игеруге тоқталдық, инвестиция мәселесін талқыладық. Мен Қазақстанның электронды үкімет, киберқауіпсіздік және ғарыш саласындағы жетістіктеріне тоқталдым. Өздеріңізге мәлім, елдерімізде табиғи ресурс мол. Темір, фосфат, боксит және басқа да сирек кездесетін минерал кеніштерін барлап, игеру үшін бірлесе жұмыс істейміз. Қазақстан кәсіпкерлері Моңғолияның тау-кен саласын зерттеуге дайын. Келіссөздер барысында көлік-логистика мәселелері туралы әңгімелестік. Халықаралық дәліздердің бәсекеге қабілетін арттыру – маңызды міндеттің бірі. Ол үшін екі ел арасындағы және басқа мемлекеттермен көлік қатынасын жетілдіру қажет. Сонда елдеріміздің аумағы арқылы тасымалданатын жүк көлемі ұлғая түседі. Транскаспий бағыты мен Солтүстік-Оңтүстік дәлізін тиімді пайдалану маңызды» деді Президент.

Бұл ретте Мемлекет басшысы кеше Ұлан-Батырда өткен Іскерлік кеңестің алғашқы отырысында кәсіпкерлер ауқымды коммерциялық келісім-шарттарға және өзге де құжаттарға қол қойғанына назар аударды. Екі ел үкіметтеріне бірлескен кәсіпорындарға қолайлы жағдай жасау жөнінде тапсырма берілген. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев аймақаралық алыс-берістің әлеуетін ұтымды пайдаланған жөн деп санайды.

«Бүгінде Астана мен Ұлан-Батыр арасында бауырластық байланыс орнаған. Осындай байланысты басқа да аймақтар арасында дамыту маңызды. Моңғолиядағы қазақ диаспорасы – берік достықтың алтын көпірі. Қандастарымызға қамқор болып жүрген Моңғолия басшылығы мен халқына алғыс айтамыз» деді Президент.

Мемлекеттер басшылары ғылым мен білім, мәдениет саласындағы ынтымақтастыққа ерекше мән беріп, жастардың қарым-қатынасын арттыра түсетін тың бастамаларды талқылаған.

«Моңғол жастары үшін Қазақстанның жоғары оқу орындарының есігі ашық. Сондай-ақ ғалымдарымыз бен зиялы қауым өкілдерін ортақ тарихымызды бірлесе зерттеуге шақырамын. Осы маңызды қадамдар екі елдің өсіп-өркендеуіне ықпал етеді деп сенемін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан мен Моңғолия халықаралық және аймақтық деңгейде тығыз байланыс орнатқан әрі көптеген өзекті мәселеге қатысты ұстанымдары ұқсас.

«Жаһандық және аймақтық құрылымдар аясында ықпалдастығымыз дамып келеді. Әсіресе, Азиядағы ынтымақтастықты нығайтуға назар аударамыз. Қазір геосаяси жағдай күрделі. Сондықтан Біріккен Ұлттар Ұйымы және басқа да халықаралық құрылымдар аясында өзара қолдау көрсетіп, консультация өткізу маңызды. Біз екіжақты және көпжақты қарым-қатынасты дамыта береміз. Моңғолияның Еуразия экономикалық одағымен еркін сауда келісімін жасау ниетін қолдаймыз» деді Президент.

Өз кезегінде Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсух қазақ пен моңғол бауырлас халықтар екенін, оларды ежелден тарихи, мәдени және рухани мұралар біріктіретінін атап өтті.

«Сіздің мемлекеттік сапарыңыз барысында екі елдің дәстүрлі достық қарым-қатынасын одан әрі кеңейту және дамыту жөнінде тарихи шешім қабылдадық. Бұл Моңғолия мен Қазақстанның ынтымақтастығын стратегиялық серіктестік деңгейіне көтеруге мүмкіндік береді. Аталған айтулы оқиға өзара байланыстарымыздың жаңа кезеңіне жол ашады. Қазақстан Республикасы – Моңғолиямен стратегиялық серіктес елге айналған Орталық Азиядағы алғашқы мемлекет. Бұған қуаныштымыз. Біздің ресми келіссөздеріміз жылы әрі іскерлік сипатта табысты өтті. Осы орайда 30 жылдағы жетістіктерімізді қорытындыладық. Ынтымақтастығымызды жаңа мазмұнмен байыту, алдағы уақытта байланыстардың барлық саласын кеңейту жөнінде нәтижелі пікір алмастық. Өзара ықпалдастықтың перспективасын, басымдықтары мен жол картасын бірге айқындадық» деді Ухнаагийн Хурэлсух.

ҚАЗАҚ-МОҢҒОЛ ҚАТЫНАСТАРЫ ДАМИТЫН АЛАҢ

Қазақстан Президенті Ұлан-Батырға мемлекеттік сапары барысында Моңғолияның Ұлы Мемлекеттік Хуралының Төрағасы Дашзэгвийн Амарбаясгаланмен кездесу өткізді. Мемлекет басшысы Президент Ухнаагийн Хурэлсухпен өткен келіссөздерге жоғары баға беріп, соның нәтижесінде мемлекетаралық ынтымақтастық стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілгенін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев спикерді және бүкіл моңғол халқын биыл маусым айында парламент сайлауының табысты өтуімен құттықтады. Президент Хуралдың жаңа құрамы елдегі демократиялық үдерістердің дамуына елеулі үлес қосып, Моңғолияның халықаралық аренадағы абырой-беделін арттыруға оң ықпал ететініне сенім білдірді.

Мемлекет басшысы заң шығарушы органдардың диалогы қазақ-моңғол қатынастарын ілгерілететін маңызды алаң деп санайды. Сондай-ақ депутаттардың достық тобы парламентаралық байланыстарды нығайту ісінде зор рөл атқаратынын жеткізді. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Хурал Төрағасына Қазақстандағы саяси және экономикалық жаңғырулар жөнінде айтты. Елімізде қабылданып жатқан ауқымды саяси шаралар қоғамда әділдік пен заң үстемдігі қағидаттарын орнықтыруды көздейді.

Мемлекет басшысы екі ел қарым-қатынасында мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың орны айрықша екенін атап өтіп, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезіне қолдау білдіргені үшін моңғол тарапына ризашылық білдірді. Моңғолиядағы будда ғибадатханаларының көрнекті өкілдері аталған форум жұмысына тұрақты түрде қатысып келеді. Мемлекет басшысы келесі жылы ұйымдастырылатын VIII съезд «Діндер диалогы: болашақ жолындағы синергия» тақырыбына арналатынын жеткізді. Оның айтуынша, бейбітшілік пен тұрақтылықты жақтайтын Қазақстан мен Моңғолия адамзат алдындағы сын-қатерлерді шешу үшін күш біріктіре алады.

Моңғолия Ұлы Мемлекеттік Хуралының Төрағасы заң шығарушы органдар арасындағы байланысты дамытуға жан-жақты қолдау көрсеткені үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтты. Дашзэгвийн Амарбаясгалан парламентаралық ықпалдастықты одан әрі нығайту және екіжақты қатынастардың құқықтық базасын кеңейту мақсатында бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін растады.

ЕКІ ЕЛ ҮКІМЕТІ КҮШ ЖҰМЫЛДЫРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Моңғолия Премьер-министрі Лувсаннамсрайн Оюун-Эрдэнэмен кездесті. Кездесуде Мемлекет басшысы жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды сапалы орындау үшін екі ел үкіметтерінің бірлесе күш-жігер жұмылдыруы керек екенін атап өтті.

«Бүгін Сіздің еліңізге Президент Хурэлсухтың шақыруы бойынша арнайы мемлекеттік сапармен келіп отырмын. Қазақстан мен Моңғолияның арасындағы ынтымақтастыққа стратегиялық сипат беру үшін екі ел үкіметтері алдында тұрған міндеттерді айқындадық. Шын мәнінде, бізге экономикалық байланыстарымызды дамытуға тың серпін беретін өте ірі жобалар қажет» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев таукен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, туризм және білім салаларындағы бірлескен бастамаларды жүзеге асырудың маңызына тоқталды.

Өз кезегінде Премьер-министр Лувсаннамсрайн Оюун-Эрдэнэ мемлекеттер басшылары деңгейінде қабылданған шешімдерді Моңғолия Үкіметі орындауға дайын екенін растады. Оның айтуынша, Ұлан-Батыр Қазақстанның даму жолын жіті зерттейді.

ШЫҢҒЫС ХАН ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІНЕ БАРДЫ

Қазақстан Президенті Моңғолияға мемлекеттік сапары аясында Ұлан-Батыр қаласындағы Шыңғыс хан ұлттық музейін арнайы барып көрді. 2019 жылы ашылған музей қорында 10 мыңнан астам бірегей жәдігер бар. Экспозицияның негізгі бөлігі ұлы қолбасшы әрі жиһангер Шыңғыс хан тұлғасына арналған. Бұдан бөлек көрмеде Ғұн дәуірінен бастап XX ғасырға дейінгі Моңғол мемлекетінің қалыптасу кезеңдерін толық қамтитын артефактілер қойылған. Музейдің тағы бір маңызды міндеті – Еуразия халықтарының көшпелі өркениеті мен мәдени мұрасын зерттеу және оны жан-жақты дәріптеу. Мемлекет басшысы музейді аралап көріп, Құрметті қонақтар кітабына: «Шыңғыс хан ұлттық музейі – ұлы тұлғаның және тұтас мемлекеттің шежіресі. Руханият ордасы ел игілігіне қызмет ете берсін. Моңғолия халқының мерейі үстем болсын!» деп жылы лебізін қалдырды.

№130 (4718) 31/10/2024 Бейсенбі

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА МАМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Астанада Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері күніне арналған салтанатты кеш өтті. Қазіргі таңда 2 мыңға жуық маман қарттарға, ерекше қажеттілігі бар жандарға, әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға көмек көрсетеді.

Жиында Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірханов саланың үздік мамандарына Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің құрмет грамоталары мен алғыс хаттарын, Астана қаласы әкімінің алғыс хаттарын табыстады. Сонымен бірге әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің бір тобы «Елеулі еңбек үшін», «Кәсіподақ қайраткері», «Әлеуметтік саланың үздігі», «Өз ісінің маманы» секілді медальдармен марапатталды. Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының ұйымдастыруымен Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері күнін мерекелеу қарсаңында дойбы, шахмат, волейбол, тоғызқұмалақ, үстел теннисі, шағын футбол сынды спорт түрлерінен өткен спартакиада жеңімпаздарын Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб марапаттады.

ЕСКЕРТКІШ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ

Қаланың Мәдениет басқармасы тарихи-мәдени мұраны сақтау мақсатында Есіл өзенінің жағасында орналасқан Кенесары хан ескерткішін қайта жаңарту жоспарланғанын хабарлайды.

Есілдің бойына көрік беріп, Астананың ең көрнекі орындарының бірі болып тұрғаны – мемлекет қайраткері, қолбасшы Кенесары хан ескерткіші. Жалпы биіктігі – 11 метр, салмағы – 10 тонна. Ескерткішке қатысты жұмыстарды мүсінші Нұрлан Далбай мен сәулетші Шота Уәлиханов орындады. Мүсінде атқа мінген ханның бейнесі қола тұғырға орнатылған. Алайда ғылыми-техникалық зерттеу нәтижелеріне сәйкес, алып ескерткіш апатты деп танылып, іргетасының құлау қаупі бар екен.

Нысанды қайта жөндеу биылғы қараша айында басталады. Келесі жылдың көктемінде қайтадан өз орнына орнатылады. Жаңарту жұмысына ескертішті орнынан алып, оны бөлшектеу және оны қайта қалпына келтіру, тұғыртасты және оған іргелес аумақты жаңғырту, бұрғылау үйіндісін орнату, сондай-ақ құрылымды монтаждау және тұғырды қаптау, материалмен әрлеу кіреді.

ЖЕҢІС ДАҢҒЫЛЫНДА – ЖАҢА САЯБАҚ

Елорданың Жеңіс даңғылында бос тұрған жерлер мен ысырылған ескі үйлердің орнында жаңа қоғамдық кеңістік пайда болды.

Оның аумағында әртүрлі жастағы адамдарға арналған ойын алаңдары бар екі қабатты «Аспан ағашы» балалар кешені орнатылған. Сондай-ақ спорт алаңдары мен демалыс орындықтары қарастырылған. Алаңның өзгешелігі – ерекше қажеттіліктері бар балалар ойнай алатын инклюзивті аймақтар. Сонымен қатар бұрыннан өсіп тұрған ағаштар сақталып, қосымша 100-ден астам үйеңкі, қарағай және бадам отырғызылды.

Айта кетейік, биыл Астанада барлығы 170 аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылады. Ондай жұмыстар қаланың барлық ауданында, соның ішінде тұрғын алаптарда да қамтылған. Жұмыстың көп бөлігі аяқталған.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

БАСТАН АТТАУ – ДӘСТҮРДЕН АТТАУ

Жақында «Қазақстан барысы-2024» додасы өз мәресіне жетіп, Ерасыл Қажыбаев турнирдің жеңімпазы атанды. Дегенмен финалдағы белдесуде Ерсұлтан Мұзаппаровты алып соққан Ерасыл қарсыласының басынан аттап кетіп, қазақы дәстүрге оғаш қылық көрсетті.

Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Қазақ үшін егескен адамның сақалын кесіп, басынан аттап кетуден үлкен қорлау жоқ. Сосын да сүйекке таңба болатын мұндай әрекетке барудан аса сақ болған. Жарысқа түскен балуанның жығылған балуанның басынан аттап кетуі тек сол азаматты ғана емес, ол балуанның елін, руының намысын таптау деп саналған. Осы оғаш қылықтың кесірінен екі рулы ел жауласуға дейін барған жағдай да болған.

Екі рулы елдің арасында егес болған кезде немесе екі балуанның бірі екіншісін алымсынбай, қор санап, намысына тиген кезде есе қайтарып, десін жығу үшін басынан әдейі аттаған. Яғни ол жаулыққа, араздыққа апаратын қадам болатын. Тарихи деректерде мұндай жағдай жауласқан моңғол мен қазақтың балуандары күрескен кезде көбірек болғаны айтылады. Ал қазақ балуандары өзара күрескен кезде жыққаны жығылғанын қолынан тартып тұрғызып, құшақтап татулық танытқан. Күрескенде жығылып, есесі кеткен қарсыласын табалап, намысына тимеген. «Жығылсаң жер көтерді» деп жығылған жігітті бірер жеңілісіне бола жасытпаған. Бізді қазақы қасиеттен бастау алатын қазақ күресінің осы жол-жосыны ескерілмей, ұлттық болмысымызға жат оғаш қылықтарға шектеу қойылмай жатқаны қынжылтады. Шын мәнінде, біз қазақ күресін әлемге насихаттаймыз десек, оның жоғарыдағыдай «жол-жосынын» да назардан қағыс қалдырмағанымыз жөн.

Жалпы «аттау» сөзінің мағынасын алып қарасақ та, біреудің басынан аттаудың дұрыс емес екені бірден аңғарылады. Әрине, «аттау» сөзі жақсы және жағымсыз мағынада жұмсалады десек те, біздің пайымымызша, бұл сөз келеңсіз жағдайға көбірек қолданатын секілді. Мәселен, халқымызда әдептен аттау, дәмнен аттап кету, сыйластықтан аттап кету деген сөздердің мағынасына үңілсек, аттап кетудің көп жағдайда адамға абырой әпермейтінін байқаймыз. Қазақтың тыйымдарында да ала жіптен аттама, оттан аттама, ер-тұрманнан аттама, адамнан аттама, киімнен, бас киімнен аттама деген тыйымдар көп. Біле білсек, қазақ біреудің басынан аттамақ түгіл, бас киімнен аттап кетудің өзін оғаш санаған. Былайша айтқанда, «басынан аттама» деген сөз қазақ ұғымындағы «адамды айналма» деген тыйыммен бірдей деңгейде. Бірақ осы бастан аттаудың мәнін жаңсақ түсініп жүрген азаматтар жоқ емес, тіпті оған «күш алудың жолы» деп қарайтындар бар екен. Мәселен, «Қазақтың балуандық өнері» кітабында Елемес Әлімханов: «Бастан аттау» – қазақ халқының көне ырымдарының бірі. Негізгі мағынасы – бір адамның екінші адамның басынан аттау арқылы «күш» алуы, бұл түсінік бойынша жеңілген адамның «күші» жеңген адамға өтеді дейді. Рас, қазақта бастан аттау дәстүрі болған, бірақ ол күш алу мақсатында емес, егес үшін жасалатын қадам екенінде талас жоқ. Бұл жөнінде жазушы, тарихшы, ғалым, көпті көрген ақсақал Қойшығара Салғараұлы былай деді: «Қазақта бастан аттап кету дәстүрі болған. Бірақ спорттағы жеңіс-жеңіліс кезінде емес, жау жақтың балуанымен немесе қайшылығы бар екі рудың балуаны күрескен кезде егес үшін, қарсы жақты мұқалту үшін, қорлау үшін басынан аттап кеткен. Ал жайшылықта қазақ балуандары күрескенде жыққаны жығылғанын сүйеп тұрғызып, құшақтасып айырылысқан. Қазір бір нәрсенің байыбына бармай, әркім әртүрлі айта беретін болды. Мен де мұны үлкендерден естідім, мен жықтым екен деп біреудің басынан аттап кеткен қазақты бүгінге дейін көрген жоқпын». Біздің де айтпағымыз осы, өзге елдің күрес түрлерінде мұндайға тыйым жоқ болғанмен, ұлттың дәстүрін дәріптейтін қазақ күресінде біреудің басынан аттау дәстүрден де аттау екенін балуандарымыз ескерген жөн.

ӨРТКЕ ҚАРСЫ ЖҰМЫС ЖАЛҒАСУДА

Елордалық Төтенше жағдайлар департаменті Байқоңыр ауданындағы жеке тұрғын үйлер мен жатақханаларды профилактикалық мақсатта аралап көрді.

Іс-шара барысында мамандар тұрғындарға өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіріп, пеш пен газ жабдықтарын тексерді, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарының үйіне улы газға қарсы датчиктер орнатты. Құрылғылар өртті ерте анықтауға мүмкіндік береді.

«Қазіргі уақытта біздің есепте халықтың әлеуметтік осал тобына жататын 800-ден астам отбасы бар. Олардың үйінде 650-ге жуық көміртегі тотығы датчигі орнатылған. Қалған отбасыларға улы газға қарсы датчиктерді орнату айдың соңына дейін аяқталады және аудан әкімдігімен бірлесіп жүргізіледі» деді Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Ажар Рүстемова.

«АҚЫЛДЫ» ҚАЛАНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Өркениет көшіндегі елдер цифрландыруға басымдық беріп, «ақылды» қала концепциясын дамытуға ден қойып келеді. Еліміздің бас қаласының инновациялық қарқынын ілгерілетіп, қауіпсіздік, тұрғындарға қолжетімділік секілді мәселелерді шешуде «Smart city» жобасының игілігі мол. Осы тұста өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін цифрландыру жобалары елордада қалай жүзеге асып жатқаны жайлы Астана қаласы Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Дидар СУЛЕЙМАНОВТАН сұрап білдік.

– Дидар Ұланұлы, басқарма жұмысындағы негізгі басымдықтар қандай?

– Астана қаласының цифрлық инфрақұрылымын дамыту, мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру және осы арқылы тұрғындардың өмір сапасын арттыру, ең бастысы, қала тұрғындарына мемлекеттік қызметтерді қолжетімді әрі жылдам ұсыну – басқарма жұмысының алға қойған негізгі мақсаты. Сонымен қатар басқарма тұрғындардың цифрлық сауатын арттыру, халықтың барлық тобына цифрлық технологияларды қолдануды үйрету бағдарламаларын әзірлеу және іске асыруды көздейді. Қаланың «Smart city» жобаларын дамыту қаладағы энергетика, коммуналдық шаруашылық және қоғамдық қауіпсіздік жүйелерін цифрлық технологиялармен интеграциялауды жүзеге асырады.

– Бас қаланы «ақылды» қалаға айналдыру мақсатында қандай кешенді жобалар жүргізіледі?

– «Smart city» концепциясы әлемде күннен-күнге өзекті тақырыпқа айналуда, бұл қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту және қалалық ресурстарды басқарудың тиімділігін арттыру үшін озық технологияларды пайдалануға негізделген. Заманауи қалалар «ақылды», инновациялық және тұрғындарға қауіпсіз болуға ұмтылады. Бұл – оның негізгі көрсеткіштері.

2023 жылы Астана «Smart city» бағытында елеулі серпіліс жасап, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жүргізген ұлттық «Smart city» рейтингінде көшбасшы орындарға ие болды. Бұл жетістік – қалалық билік органдарының денсаулық сақтау, білім беру, көлік, қалалық ресурстарды басқару және басқа да қала өмірінің әрбір аспектісіне заманауи шешімдерді енгізу бойынша жүргізген ауқымды жұмысының көрінісі. Астанада жүзеге асқан осы бастамалар технологиялардың көмегімен қала тұрғындарының қажеттіліктеріне бейім және ыңғайлы етуге болатынын көрсетеді.

Астананың «ақылды» қала саласындағы жетістіктері тек ұлттық шекаралармен шектелмейді. Қала 2023 жылы Америка аналитикалық орталығы Intelligent Community Forum (ICF) нұсқасы бойынша инновациялық және «ақылды» қалалар тізіміне енді. Сонымен қатар 2022 жылы елорда алғаш рет Smart Centres Indextің алтыншы шығарылымына кіріп, зерттеу тобы қаланың инновацияларды қолдау деңгейін жоғары бағалады. Мысалы, бүгінде бейнебақылау, мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру сынды жобалар жүзеге асуда.

– Елорданы цифрлық тұрғыда қауіпсіз қалаға айналдырудағы іс-шаралар нәтижелі ме?

– Астананы «ақылды» қала ретінде дамытуға ықпал ететін негізгі факторлардың бірі – қала тұрғындарының қауіпсіздігін және тәртіпті қамтамасыз ету. Әкімдік мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) жобасын сәтті жүзеге асырып, фотовидеофиксация және бейнеаналитика аппараттық-бағдарламалық кешенін құру және пайдалану бойынша айтарлықтай жұмыс атқарды. Жоба аясында қала жолдарына ғана емес, сонымен қатар қоғамдық орындарға 10 мыңнан астам камера орнатылып, бұл қауіпсіздік деңгейін айтарлықтай арттырды. Бүгінгі таңда қалада 32 мыңнан астам камера жұмыс істейді, олардың барлығы Полиция департаментінің жедел басқару орталығына қосылған, бұл – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге маңызды үлес. Осы шаралардың арқасында жол-көлік оқиғаларындағы өлім-жітім 48 пайызға төмендеді, жалпы қылмыс деңгейі 67 пайызға азайды, ал әкімшілік құқық бұзушылықтар, соның ішінде жол қозғалысы ережелерін бұзу 72 пайызға қысқарды. Бұл мәліметтер қоғамдық қауіпсіздік пен жол қозғалысын қамтамасыз ету саласында енгізілген шешімдердің тиімділігін растайды.

– Қалада «QalaQyzmet» орталығының бірқатар филиалы ашылғаны белгілі. Бұл орталық қандай қызмет ұсынады?

– «QalaQyzmet» қала тұрғындарын коммуналдық қызметтермен және әкімдікпен «бірыңғай терезе» қағидаты бойынша байланыстырып жұмыс істейді. Жыл басынан бері «QalaQyzmet» орталығы елорда тұрғындарына 160 мыңнан астам қызмет көрсетті. Оның 44700-і фронт-офис пен филиалдар арқылы, ал 115513-і электронды портал арқылы берілді. Орталық 12 жетекші ТКШ ұйымдарынан 139 қызмет түрін ұсынады. Оның бірегейлігі – қызметтер елдің кез келген жерінен қолжетімді (qalaqyzmet.kz онлайн порталы, фронт-офиске жеке барған кезде немесе SMS-сауалнама арқылы). Тұрғындардың басым көпшілігі коммуналдық қызметтер бойынша (су, жылу, электр энергиясы және басқа да коммуналдық қызметтер) жүгінеді.

– Бас қаладағы интернет сапасының деңгейі туралы кеңірек айтсаңыз. Байланысты жақсартуда қандай жобалар жүзеге асады?

– Биыл жыл басында елордадағы ұялы байланыс сапасын өлшеу нәтижелері бойынша Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитеті 23 учаскеде нашар ұялы байланыс бар екенін анықтады. Әрқайсысы бойынша аудандық әкімдіктер мен байланыс операторлары бірлесіп ұйымдастырған ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізіліп, кездесулер өткен болатын. Осы жұмыстардың нәтижесінде 16 «ақ нүктеге» базалық станциялар орнатылды, бұл байланыстың сапасына қатысты мәселелерді шешуге мүмкіндік берді. Алайда нәтижелерге қарамастан, тұрғын үй кешендері тұрғындарының арасында радиофобия әлі де өзекті мәселе болып отыр. Бұл тұрғындарға заманауи байланыс технологияларының қауіпсіздігін түсіндіру үшін Астана қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментімен бірлесіп, қосымша ақпараттық жұмыстар жүргізуді талап етеді. Сонымен қатар байланыс операторларымен, инвесторлармен ынтымақтастық аясында базалық станцияларды орнатуға арналған антенна-діңгекті құрылымдар (АДҚ) салу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Алдыңғы жылдардағы деректерді салыстырып көрсек, 2020 жылы – 5 АДҚ, 2021 жылы – 11 АДҚ, 2022 жылы – 9 АДҚ, ал 2023 жылы 21 АДҚ салынды. Осылайша, соңғы жылдары антенна-діңгекті құрылымдар құрылысын салу қарқынының айтарлықтай өскенін атап өтуге болады. Елорда маңындағы тұрғын үй алаптарындағы жоғары жылдамдықты интернет мәселесі де қамтылған. Бұл жобаны қаржыландыру инвесторлар (провайдерлер) есебінен жүзеге асады. Қазіргі уақытта 13 тұрғын үй алабы жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілген, ал ағымдағы жылдың соңына дейін тағы 4-еуін қосу жоспарлануда. 10 мыңнан астам үй интернетке қосылған, 400 км оптикалық кабель тартылған.

> 2023 жылы Астана «Smart city» бағытында елеулі серпіліс жасап, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жүргізген ұлттық «Smart city» рейтингінде көшбасшы орындарға ие болды. Бұл жетістік – қалалық билік органдарының денсаулық сақтау, білім беру, көлік, қалалық ресурстарды басқару және басқа да қала өмірінің әрбір аспектісіне заманауи шешімдерді енгізу бойынша жүргізген ауқымды жұмысының көрінісі

– Мемлекеттік органдардың функцияларын автоматтандыру жұмысына тоқталсаңыз.

– Елорда әкімдігіне қарасты мемлекеттік органдардың функцияларын автоматтандыру – қала қызметтерінің тиімділігін арттыру, азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту және уақыт үнемдеу мақсатында жүргізіліп жатқан маңызды жұмыс. Бұл бағытта шамамен 911 функцияны қамтыған ауқымды зерттеу жүргізілді, одан тыс көптеген процесс цифрландырылып, тұрғындарға әкімдік қызметтерін қашықтан немесе онлайн түрде алуға мүмкіндік берілді. Аталған жұмыс көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тиімділігі мен ашықтығын арттыруға бағытталды. Оның ішінде 60 функция егжей-тегжейлі талданып, шамамен 114 процесс қамтылды. Атап айтқанда, білім және тұрғын үй қоры, дене шынықтыру сияқты маңызды салаларда жұмыс жүргізілуде. Мысалы, Білім басқармасында балаларға психологиялық-медициналық-педагогикалық көмекті көрсету процесі автоматтандырылды. Біз электрондық жазбаларды және қызметтерге қорытындылар беру жүйесін енгіздік, бұл кезекті ұзақ күту мәселесін жоюға, жазба мен тексеруді жүйелендіруге мүмкіндік береді. Әсіресе ерекше қолдауды қажет ететін балалар үшін қызметтердің қолжетімділігін едәуір арттырады. Негізгі автоматтандырылған процестер мыналарды қамтиды:

– «Психологиялық-медициналық-педагогикалық көмек көрсету» мемлекеттік қызметі бойынша қорытынды;

– Дамуында ауытқуы бар балаларға арналған реабилитация және әлеуметтік бейімдеу қызметтері бойынша өтініштер.

Сонымен қатар «Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешеніндегі «Birge» порталы арқылы 6 процесс автоматтандырылды. Бұл балаларға иппотерапия әдісімен реабилитацияға қол жеткізуді жеңілдетеді. Негізгі автоматтандырылған процестер қатарында жаттықтырушының жетекшілігімен атпен жүру сабақтарына, кәсіби жаттығуларға және балалардың спорт мектептері үшін тегін сабақтарға өтініш беру бар.

Тұрғын үй қоры саласын автоматтандыруға келсек, біз «Elorda zhastary» бағдарламасына қатысу үшін өтініш беру және қарастыру процесін цифрландырдық. Бұл өтініштердің өңдеу уақытын едәуір жылдамдатады және процесті ашық етеді.

Жалпы мемлекеттік органдардың функцияларын автоматтандыру жұмыс тиімділігін ілгерілетуге, қызметтердің сапасын жақсартуға және азаматтардың мемлекеттік мекемелермен өзара әрекеттесуін жеңілдетуге көмектеседі. Бұл – мемлекеттік басқаруды модернизациялаудың маңызды қадамы. Осылайша, мемлекеттік функцияларды автоматтандыру тек деректерді өңдеуді жеделдетіп қана қоймай, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырып, оларды елорда тұрғындары үшін қолжетімді етті.

– Астананы жан-жақты ілгерілетуге бағытталған IT-стартаптарға басқарма тарапынан қандай да бір қолдау көрсетіле ме?

– Қала инновациялық экожүйені белсенді дамытып, болашақ жас инноваторлар ұрпағын қалыптастыруға үлкен мән береді. Елордада жыл сайын балалар арасында қалалық және республикалық деңгейде STEM олимпиадалары өтеді, байқау жас ұрпақты технологиялық тұрғыда шыңдауға бағытталады. Атап айтқанда, 3D модельдеу, инженерия, бағдарламалау салаларын қамтиды. Биыл 19 қазанда өткен қалалық олимпиадаға 70 мектептен 230 оқушы қатысты, ал 23-24 қарашада ТМД және өзге де мемлекеттерден келетін оқушылар бақ сынасатын халықаралық олимпиада өтпек.

Астана қаласының әкімдігі тұрғындардың өмірін жақсартуға бағытталған инновациялық идеялар мен жобаларды қолдап, оларды сынап көруге мүмкіндік береді. Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы Astana Hub халықаралық технопаркімен және Astana Innovations-пен бірлесе отырып, елордада IT-кәсіпкерлікті қолдау және дамыту үшін Astana Smart City Accelerator жаңа бағдарламасын іске қосты. Бұл бастама стартаптарға өз дағдыларын арттыруға және өз шешімдерін қаланың өміріне енгізуге бірегей мүмкіндік береді. Ең үздік стартаптар өз жобаларын сынақтан өткізу үшін Astana Hub-тың Seed Money бағдарламасы бойынша 5 миллион теңгеге дейін қаржыландыру алады. Сонымен қатар Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы Білім басқармасы және «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен 8-11-сынып оқушыларына арналған «Capital No-coders» тегін білім беру курсын өткізудеміз. 8 апталық интенсивті курс барысында оқушылар Airtable, Make, Glide, Adalo және Notion сияқты No-code платформаларын пайдаланып, сайттар, чат-боттар және қосымшалар жасауды үйренеді. Қазір іріктеуден өткен 225 оқушы қазақ және орыс тілдерінде цифрлық дағдыларды меңгеруде. Толығырақ біздің digital.astana Instagram парақшасынан біле аласыздар. Мақсатымыз – өскелең ұрпақты мектеп қабырғасынан-ақ цифрландыру саласына етене жақындастыру.

Сұхбаттасқан
Индира БЕРЖАНОВА

№130 (4718) 31/10/2024 Бейсенбі

ИНСУЛЬТТІҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ!

№1 көпсалалы қалалық ауруханада Дүниежүзілік инсультпен күрес күні аясында ашық есік күні өтті. Бір күннің ішінде шамамен 100-ге жуық адам қандағы холестерин мен глюкоза деңгейін анықтап, қан қысымын өлшетіп, сондай-ақ аурудың белгілері туралы ақпаратпен танысты.

Статистикаға сүйенсек, өткен жылы әлем бойынша шамамен 15 миллион адам инсульт алған. Қазақстанда да жағдай мәз емес. Елімізде жыл сайын 40 мыңға жуық инсульт тіркеледі. Ал өткен жылы бұл көрсеткіш 45 мыңға дейін өсті. Дәрігерлер олардың шамамен 13 пайызы ауруханада көз жұмса, 6 пайызы шыққаннан кейін 1 айдың ішінде қайтыс болғанын мәлімдеді. Инсульттан аман қалғандардың 70-80 пайызы мүгедек болып қалады екен. Ал олардың шамамен 20-30 пайызы тұрақты сырттай күтімді қажет етеді.

«Жалпы алғанда, инсульт – жіті жүрек ауруынан кейінгі өлімге әкелетін дерттің негізгі себебі. Әйелдерге қарағанда ерлерде өлім деңгейі жоғары. Іс-шараны Инсульт мәселелері жөніндегі республикалық үйлестіру орталығы Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығымен бірлесіп және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы кеңсесінің қолдауымен өткізеді. Барша астаналықты Астана қаласының №1 көпсалалы қалалық ауруханасының базасында тексеруден өтуге шақырамыз. Инсульт қаупін азайту үшін халық қауіп факторларын, сондай-ақ алдын алу әдістерін білгені және түсінгені маңызды» дейді аурухананың инсульт бөлімінің меңгерушісі Айгүл Қайсарбекова.

Қарапайым тілмен айтсақ, инсульт миға қан келу тоқтаған кезде болады. Салдары өлімге немесе мүгедектікке әкеледі. Бұған дейін инсульт 55 жастан асқан науқастарда кездессе, бүгінде 50 жасқа дейінгі адамдар да бұл аурумен бетпе-бет келеді.

Инсульттің алғашқы белгілерін кез келген адам біліп жүру керек. Өйткені медицинада инсульттің белгілері басталғаннан кейінгі алғашқы 4,5 сағат алғашқы көмек көрсетуде маңызды рөл атқарады.

«Жыл сайын 29 қазанда әлемнің 85 елінде Дүниежүзілік инсультпен күрес күні аталып өтеді. Оның мақсаты – жұрттшылықты осы ауруға қарсы күресте жедел әрекет етуге шақыру, келушілердің қандағы холестерин мен глюкоза деңгейін, қан қысымын өлшеу, сондай-ақ аурудың белгілері мен инсульт қаупі туралы кеңес беру. Біз адамдарға ең алдымен инсульт деген не екенін түсіндіруіміз керек. Ол – ми қан айналымының жедел бұзылуы. Салдарынан мидың әртүрлі бөлігінің жұмысы бұзылады. Аурудың алдын алу үшін әр адам өз денсаулығына жауапты болғаны абзал» дейді аурухананың дәрігер-неврологы Жанат Юсупова.

Дәрігерлердің пікірінше, инсультпен ауыратындар жиі профилактикалық шараларды сақтамайды екен. Оның үстіне емхана мен скринингтен уақытылы өтуге салғырт қарайды.

Аталмыш аурудың алдын алу үшін қарапайым ғана ережелерді сақтаған абзал. Ең алдымен темекі шегуге болмайды. Өйткені темекі шегу атеросклероздың дамуын, жүрек пен ми тамырларында қан ұйығыштардың пайда болуын тездетеді. Шылым шегетін адамдарда инсульт қаупі темекі тартпайтындарға қарағанда 6 есе жоғары болады екен. Ал алкогольді ішімдікте болатын этанол қан қысымын арттырады. Сонымен қатар тұзды тұтыну мөлшерін күніне 1 шай қасықтан асырмаған жөн. Нәтижесінде инсульт қаупі 23 пайызға, жүректің ишемиялық ауруынан болатын өлім-жітім 16 пайызға төмендейді екен. Көкөніс пен жемісті күнделікті тұтыну да инсульттің алдын алады.

Бетті дайындаған **Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ**

«QMED» ҚАНДАЙ ПЛАТФОРМА?

№8 қалалық емхана базасында Астана қаласы Цифрландыру және халыққа қызмет көрсету басқармасының Astana Hub-пен қолға алған «Astana Smart City Accelerator» бағдарламасының қатысушысы «qMed» платформасының тұсаукесері өтті. Платформа науқастарды басқару бағдарламасы аясында созылмалы инфекциялық емес аурулары бар диспансерлік есепте тұрған науқастарға арналған.

Аталмыш платформа пациенттерге өзін-өзі басқаруға мүмкіндік береді. Олардың денсаулығы мен өмір сапасын жақсарту үшін медициналық қызметкерлермен өзара байланысын жеңілдетеді екен.

«Созылмалы жүрек жетіксіздігі, артериялық гипертензия, қант диабетімен ауыратын науқастар үшін өз денсаулығын бақылауға үлкен көмекші. Жобаның мақсаты да сол, аурудың асқынуын азайту. Аурудың салдарын болдырмау және барынша асқынуына жол бермеу арқылы созылмалы инфекциялық емес аурулары бар науқастардың денсаулығына қатысты шығынын азайтуға және өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған» дейді №8 қалалық емхананың директордың емдеу-алдын алу жұмысы жөніндегі орынбасары Лариса Броска.

«Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты Мемлекет басшысының бастамасымен дарынды жастарды қолдау мақсатында 2021 жылдан бері тағайындалып келеді. «qMed» мобильді платформасы жобасы өткен жылы «Ақпараттық технологиялар» саласындағы жобалар арасында лайық деп танылған. Жоба жетекшісі – Нұрлан Биімбет.

Оның айтуынша, платформаның мақсатты аудиториясы – медицина қызметкерлері және әртүрлі жастағы созылмалы инфекциялық емес аурулармен ауыратын науқастар.

«Бұл жоба №8 қалалық емханада тұсауын кесті. Бағдарлама тәулік бойы үйден шыға алмайтын науқастардың хал-жағдайын бақылауға арналған. Платформа арқылы пациенттер күнделікті жағдайын онлайн жүйеге енгізеді. Жүйе сары, қызыл, жасыл деңгей бойынша медбикеге жеткізіліп отырады. Егер қандай да бір өзгерістер болса, одан әрі эндокринолог, кардиолог секілді салалық мамандарға жолданады» дейді «qMed» жобасының жетекшісі Нұрлан Биімбет.

БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Елімізде бала денсаулығына ерекше назар аударылады. МӘМС жүйесі негізінде скринингтер мен профилактикалық тексерулерге қордан қаржы бөлінеді. Қалалық емханаларда аптаның белгілі күндері балаларды арнайы профилактикалық тексерістен өткізеді. Жалпы балаларға қандай тексерулер жүргізіледі? Осы ретте Астана қаласындағы City емханасына барған едік.

94 мыңға жуық астаналыққа қызмет көрсететін City емханасы – сапалы қызмет көрсететін көпсалалы медициналық мекеме. Бізді профилактика және әлеуметтік-психологиялық қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Самал Бақытбекқызы қарсы алды. Келген бойда мекеменің денсаулық сақтау жүйесінің инновациялық бағдарламалары аясында жұмыс істейтінін алға тартты.

«Денсаулық сақтау министрлігінің 264-бұйрығына сәйкес, ата-аналар 1 айдан 18 жасқа дейінгі балаларды жылына бір рет профилактикалық қараудан өткізу керек. Мектепке дейінгі балалар профилактикалық қаралудан жергілікті емханадан өтеді. Ал мектеп жасындағы балалар өзі білім алып жүрген оқу ордасынан өтеді. Профилактикалық қаралу кезінде балалардың салмағы, бойы, бас өлшемі мен кеуде көлемі мұқият қаралады. Олардың психофизикалық дамуын анықтаймыз. 7 жастан жоғары балалардың қан қысымы өлшенеді. Плантография жүргізіледі. Электрокардиография 14 пен 17 жас аралығындағы балаларда өткізіледі. Сонымен қатар нәрестелерді 1 айлығында, МӘМС жүйесіне сүйене отырып, хирург, невропатологтан, 3 айлығында аудиологиялық-скринингтік тексерістен, 6 айлығында ЛОР, офтальмолог, 1 жасында жалпы қан, зәр талдауынан, 2 жасында тіс, 3-6 жасында аудиологиялық скринингтен өту жоспарланған» дейді Самал Бақытбекқызы.

Оның айтуынша, әрбір жаста скринингтік талдаудан кейін дәрігер баланың денсаулық тобын анықтап, әрі қарай бақылауға алады. Профилактикалық тексеру арқылы балаларда көптеген жасырын ауру анықталады екен. Мәселен, темір жетіспеушілік анемия, сколиоз, жалпақ табан, есту, көру қабілетінің төмендеуі кездеседі.

Профилактикалық тексеру кабинетіне жүгінген астаналық Динара Сәтжанова баласының денсаулығы үшін өзі жауапты екенін айтты.

«Баламды аудиологиялық тексерістен өткізген едім. Бір құлағы естімейтінін біліп, қазір қосымша тексеруден қайтадан өтіп жатырмыз. Балам қойған сұрақтарға кеш жауап беретін. Салғырттық екен деп жүрсем, шын мәнінде, бір құлағы естімейтін болып шықты» дейді ол.

Балалардың есту қабілетінің бұзылуы анықталған жағдайда, мүгедектікке әкелетін ауруларды оңалту және алдын алу бойынша шаралар қабылданады екен. Егер құлақ мүкістігі немесе кереңдік қаупі туындаса, сурдологиялық кабинеттерге, сондай-ақ тексеру және түзете-дамыта оқыту мәселелерін шешу үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жібереді. Сол үшін әрбір ата-ана балаларын жылына бір рет профилактикалық тексеруден өткізуді естен шығармаған абзал.

ДӘРІ-ДӘРМЕК БЕРУ ЖЕҢІЛДЕДІ

Астана қаласының 2 емханасында пациенттерге QR-код арқылы «Әлеуметтік әмиян» бөлімінде (eGov Mobile қосымшасы) тегін дәрілік заттарды беру механизмі көрсетілді.

Мәселен, №4 қалалық емханада «қант диабеті» бойынша 10 жылдан бері диспансерлік есепте тұрған науқас дәрі-дәрмекті медбикеден тікелей алды. Ол өзінің жеке QR-кодын (ваучер) ғана көрсетті. Осылайша, енді оған қағаз рецепт алу үшін дәрігерге алдын ала жазылудың қажеті жоқ, медбике қажетті препаратты кезектен тыс өздігінен бере алады.

Егде жастағы тұрғындар немесе бұл сервисті пайдалана алмайтын адамдар енді емханаға барған кезде Face-ID және веб-камералардың көмегімен сәйкестендіруден өтсе, сол жеткілікті.

Жыл соңына дейін жоба тегін амбулаториялық дәрілік препарат алатын 1,7 млн адамды қамтымақ.

«Әлеуметтік әмиян» арқылы дәрі-дәрмекті электронды түрде беру жөніндегі қанатқақты жобаға ел бойынша 700-ден астам медициналық ұйым қатысады, 93 мың рецепт негізінде препараттар берілген.

Бұл қызметті пайдалану үшін App Store және Play Market арқылы eGov Mobile қосымшасын жүктеп, тіркелу қажет.

«Осы жылдың соңына дейін Астанада қанатқақты жоба нәтижесін көрсетеді. Ал 1 қаңтардан бастап бүкіл республикаға кезең-кезеңімен масштабтау жоспарлануда. Бұл тіркеуді төмендететін тиімді құрал болады. Биометриялық сәйкестендіру жүйесі көрсетілген қызметтерді дәл тіркеуді қамтамасыз етеді. Пациенттердің келуі туралы жалған есептерді болдырмай, тиісінше, бюджет қаражатының да, сақтандырылған азаматтардың да жарнасының мақсатсыз жұмсалуына жол бермейді» деп атап өтті Денсаулық сақтау министрлігі.

№130 (4718) 31/10/2024 Бейсенбі



Сұлтан СЕЙІТ

Қаздың майын ішіп, қазы жеп, тұла бойыңызды жылытып жүрмесеңіз, аюдың ішігімен Арқаның үсігінен сақтану қиын. Өйткені «Қыс қыр астында» дейтіндей емес, қырбақ қар түсіп, қылышын көрсетіп табан астында тұр. Енді оған тек құстар ұясын, адам үйін жылылап қана төтеп бермесе, күн көзі жылт еткенге жылына қояйын деп тұрған ауа райы жоқ. Ауа райы демекші, қазіргі кезде бұрынғы заманның болжампаздары сияқты аспан мен жерге, өзен мен көлге немесе желге қарап ертеңгі күн райын біліп отыратын заман емес.

ҚЫСТЫ БОЛЖАУДЫҢ ҚЫРЫҚ СЫРЫ...

Шапағат ӘБДІР

Қазір – технологияның дәуірі. Күнделікті ауа райының қандай болатынын қолыңыздағы смартфоннан қарап біліп отырасыз. Синоптиктер күн сайын ауа райының ауанын байқап, ауаның ыстық-суығын дер кезінде мәлімдеп отырады. Былай қарап тұрсаңыз, қарапайым жұмыс сияқты көрінуі мүмкін. Алайда олардың сол қарапайым еңбегі арқылы қаншама адамның күрделі мәселелері шешіліп жатыр десеңізші?!

ҚАРАШАДА АСТАНАҒА ҚАР ЖАУА МА?

«Қар жауар қарашада қатқақ болып» деп халық өлеңдерінде суреттелгендей, қазақтың «Қараша қауыс, кәрі-құртаңды тауыс» деген айы да келді, міне. Осы айдан бастап Арқаның аязы ашуына қамшы салып бастайтыны да бәрімізге аян. Сондықтан біз алдағы уақыттың ауа райы болжамының қандай болатынын «Қазгидрометтің» ұзақ мерзімді ауа райы болжамы басқармасының басшысы Жұлдыз Исабековадан сұрап көрген болатынбыз. Жұлдыз Қылышбекқызы бізге **Астана қаласы бойынша 2024 жылдың қараша айына арналған консультативтік ауа райы болжамы туралы баяндап берді.**

– Қазір ауа райының салқындауы, мезгілдің мінезін көрсетуі – заңдылық. Алдағы уақытта қалада айлық орташа ауа температурасы -5, 8°С болуы болжануда, бұл нормаға жақын (норма: -5, 2°С). Ал қараша айының бірінші декадасында түнде температура 0,+5°С-тан -10-15°С-қа дейін төмендейді, күндіз +6+11°С-тан -4-9°С-қа дейін төмендейді. Содан кейін түнде температураның -1+4°С-қа дейін барып, күндіз +4+9°С-қа дейін біртіндеп көтерілуі күтіледі. Ал екінші декадада түнде температураның -15-20°С-қа, күндіз -9-14°С-қа дейін төмендеуі болжануда. Үшінші декаданың басында түнде температураның -2-7°С-қа, күндіз -1+4°С-қа көтерілуі күтіледі. Содан кейін түнде температура -13-18°С-қа, күндіз -7-12°С-қа төмендейді. Ал декаданың соңында түнде температураның -8-13°С-қа, күндіз -2-7°С-қа көтерілуі болжануда. Сонымен қатар ай бойы жауын-шашын көтерілуі болжануда. Сонымен қатар ай бойы жауын-шашын мөлшері нормаға жақын болады (норма: 29 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, ылғалды қар) бірінші декаданың басында және соңында, екінші декаданың басында, үшінші декаданың бірінші жартысында күтіледі. Сонымен қатар декаданың ортасында, екінші декаданың ортасында және соңында, үшінші декаданың ортасында қар жауады деп күтілуде. Мұзды көктайғақ бірінші декаданың соңында, екінші және үшінші декаданың басында болуы мүмкін. Айдың ортасында және соңында тұман түседі. Сонымен бірге ай бойы боран жиі болады, – дейді Жұлдыз Исабекова.

ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚ ЕСЕБІ ҚАНДАЙ ЕДІ?

Қазақ халқы ежелден табиғатпен етене болып, оның бейтаныс тұстарын ашуға, таңғажайып сырларын алдын ала болжап білуге қатты мән берген. Сондай-ақ табиғат құбылыстарын табиғатқа қарап отырып болжаған. Әрі аспан әлеміне қарап жер бетінде болатын құбылыстарды болжап айтатын адамды «Жұлдызшы» деп атаған. Олардың арнайы есеп жазатын бір беті ақ, бір беті қара матадан қапталған қойын дәптерлері де болған деседі.

Міне, солар амал дәптерлеріне аспан денелерін зерттеп, олардағы өзгерістерді салыстырып, күннің батуы мен айдың тууына байланысты, жұлдыздардың орнына және олардың көрінуіне байланысты түрлі болжамдар айтатын болған. Мысалы, бір жылда он екі ай, он үш тоғыс, жеті белгі, төрт маусым бар. Ал қазақ осының ішінде жиырма төрт амалға баса мән берген. Бір амалға жеті күн кіреді. Соған байланысты амалдың кіруі, амалдың ортасы, амалдың шығуы деген ұғым бар. Мысалы, ел ішінде амалдың басы қатты болса, ол жадырап шығады, жайма-шуақ болып кірсе, соңы қатты болады деген де ұғым бар. Ал енді тоғыс мәселесіне келсек, қазақ Үркер жұлдызы мен Айдың бірге көрінуін «Тоғыс» деп атаған. Бір жылдың ішінде мұндай жағдай он үш рет қайталанады. Яғни он үш рет тоғысады. Бірақ оның тоғысқанын ылғи да адамдар көре бермейді. Алайда олардың тоғысуын біздің қазіргі айлармен есептегенде «шілденің 21-іне, тамыздың 19-ына, қыркүйектің 17-сіне, қазанның 12-сіне, қарашаның 13-і, желтоқсанның 11-і, ақпанның 3-і, наурыздың 5-і, сәуірдің 9-і, мамырдың 7-сі күндеріне тура келеді» деп есептеп жүр есепшілер. Дәл осы тоғыс кезінде Ай мен Үркердің аралығына қарап та жамандық пен жақсылықтың нышанын анықтаған. Яғни Үркер Айдан алыс көрінсе, онда ол онша жақсылық болып есептелмеген, ал жақын болса, онда жайлары жарасқан екен. Біздің де жайымыз жарасады деп қуанған. Сонымен қатар аспандағы бұлт ортасынан ыдыраса, онда қарлы боран болатыны, ал шетінен ыдыраса, онда күннің жылынатыны, ал жерге қарай көшсе, ол қар жауатынын, будақтап шығып, түнеріп түйдектеліп жоқ болып кетсе, қатты аяз бен боран соғатынның белгісі екенін де білеміз есепшілердің сөзіне сүйенсек.

ДИХАННЫҢ ТҰЖЫРЫМЫ

Биыл көктемде бозторғай ұясын ойпаңға емес, қыраңға салды. Әрі жаз жауынды, салқын болды. Сондықтан қыс жаман болады деп айта алмаймыз. Бұл менің даналығым емес, бізге атадан келе жатқан ауа райын дәстүрлі болжау әдісі осылай. Қазір енді жыл құстарының да қайтатын уақыты ғой. Атыздың басында дуадақтар әлі жүр. Соған қарап биыл қыс жайлы болады-ау деп қоямын өз басым. Кім біледі, енді бәрі – бір Жаратушының қолында. Біздікі сол қазақы болжам ғана. Қазір қараша айы болғанымен, құстар да қауырт кете бастағанын көрмедік. Бірекі рет көргенімде топтасып ұшып барады. Соған қарап күздің аяғы біраз созылады-ау деп те отырмын. Енді тағы да байқаймыз, егер жыл құстары жерге жақын төмен ұшса, онда қыс қатты болады. Атыз басында, тоған-тоғандардан қырға қарай қашақан шылдардың үйірінің молдығына қарағанда қыс суық болатын шығар деп те отырмын. Оған себеп бір жағынан биыл суыр ерте ұйқыға кетті. Демек қыс суық болады деген тұжырымымыз шынға айналуы ғажап емес, – дейді дихан Құнанбай Құлжанқожа.

ОРМАНШЫНЫҢ БОЛЖАМЫ

Қыс деп аты айтып тұрғандай, қай қыстың да халық үшін оңай болмайтыны анық. Алайда халық арасында неше түрлі нәрсеге қарау арқылы алдағы қысты болжау – дәстүрлі әдет. Мысалы, ел ішіндегі білермендердің арасында мынадай да түсінік бар. Егер көртышқан інінің топырағын аузына үйсе, онда қыс қатты болатынын білгені, алыс үйсе, онда көп суық болмайтынын білдіргені екен. Сонымен қатар көлбақаның қыста құрқылдауы қыстың жайлы болатынының белгісі деп білуге болады немесе жаздыгүні бөгелектер аттың бауырынан әрі-бері ұшып жүрсе, онда қыс жайлы болады. Ал басына шығып, мойнынан асып ұшса, онда қыс қатты болады деп тұжырымдаған. Біздің дана халқымыз қоңыр аңның күйісіне қарап-ақ күннің жағымды және жағымсыз жағын білетін болған.

– Иә, жалпы қазақы таным бойынша арқар ойға түссе, қыс қатты болады. Түз аңдары күз айларында өзен жағалап жайылып, бұлақ маңынан кетпесе, ол – қыста қар жұқа түсетінінің белгісі. Биыл арқар ерте үйірге түсті. Сол себепті де қыс ондай қатты болмайды. Болған күннің өзінде көктем ерте шығады. Ал қардың қалың түсуі екіталай. Өйткені қоңыр аңдардың бүйрек майы бітеу емес. Егер бітеу болса, онда қар қалың түсер еді деп топшылар едік. Бір жағынан, бұғы да кеш шақырды. Міне, мұның бәрі қыстың жайлы болатынын білдіретін белгілер, – дейді орман шаруашылығы маманы Жұмағұл Боранбай.

ҒЫЛЫМ НЕ ДЕЙДІ?

Ал республикада гидрометеорология және табиғи орта мониторингі саласында бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізіп, халықты қазіргі және болашақтағы климат пен табиғи орта мәліметтерімен қамтамасыз етіп, қауіпті және апатты гидрометеорология құбылыстарды алдын ала болжап хабарлайтын Қазгидрометтің Қазақстан бойынша консультативтік маусымдық ауа райы болжамы бойынша қараша-қыс алдындағы алғашқы ай болғандықтан, оңтүстік-батыс, оңтүстік аймақтарда қар аралас жаңбыр жауады деп болжануда. Сонымен қатар бірте-бірте бұрқасын, көктайғақ үдей түседі деп болжануда.

– Жалпы биыл қыс өз мезгілінен кеш те, ерте де түскен жоқ. Қараша айының екінші жартысынан бастап аязды ауа райы болжануда. Суық ауа массалары енген кезде термометрлердің бағандары ең суық күндерде төмендейді. Алдағы уақытта республиканың солтүстігінде, орталығында және шығысында түнгі уақытта -15-24°С дейін, күндіз -7-12°С дейін, ал батыста және елдің оңтүстік жартысында түнде -3-15°С дейін, күндіз 0,-7°С дейінгі ауа температурасы болады деп күтілуде. Алайда негізінен, Орта Азия мен Жерорта теңізінен жылы ауа массаларының келуі әсерінен көбінде күндіз жылы болады. Сондықтан республиканың көп бөлігінде +3 +8°С дейінгі ауа температурасы сақталады. Сонымен қатар қараша айында жауын-шашын мөлшері Қазақстан аумағының басым бөлігінде норма шамасында, солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс жартысында нормадан көп (Батыс Қазақстан, Павлодар облыстарында, Атырау және Ақтөбе облыстарының солтүстік-батысында, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарының шығысында, Шығыс Қазақстан және Абай облыстарының қиыр солтүстігінде), ал елдің оңтүстік өңірлерінде нормадан аз болуы болжануда. (елдің оңтүстік жартысында және Қарағанды мен Ұлытау облысының қиыр оңтүстігінде).

БИЫЛҒЫ ЕРЕКШЕЛІК ҚАНДАЙ?

Консультативтік болжамға сәйкес қыста температура режимі климаттық норма шегінде болжанады, жауын-шашын көпжылдық нормадан асады. Алайда жауын-шашынның тоқтауымен және температураның аномальді төмен фонымен (солтүстік, орталық және шығыс аймақтарда түнде 30-45 градус аяз, елдің батысы мен оңтүстігінде 25-35 градус аяз) сипатталатын кезеңдер ықтималдығы да жоққа шығарылмайды. Қыстың алғашқы екі айы желтоқсан және қаңтарда Қазақстанның басым бөлігінде ауа температурасы норма шамасында деп болжанады, тек қаңтарда елдің батысында, солтүстік-батысында нормадан 1°С жоғары болады деп күтілуде. Ал ақпан айында республиканың басым бөлігінде ауа температурасы нормадан 1° жоғары, еліміздің солтүстік аймақтарында ауа райы қалыпты жағдайда болады. Белсенді циклондар әсерінен жауын-шашын еліміздің көптеген аймақтарында нормадан асып түседі, жауын-шашын республиканың оңтүстік-батыс жартысында климаттық норма шегінде болжанады. Наурызда қыс пен көктем арасындағы өтпелі кезең, жылы күндерден кейін аяз бен қалың қар қайталануы мүмкін. Алдын ала болжам бойынша наурыз айында температура еліміздің басым бөлігінде нормадан 1° жоғары, республиканың оңтүстік-шығыс жартысында норма шамасында болады деп күтілуде, – дейді Жұлдыз Исабекова.

Қыстың қатты не жайлы болатынын төрт түлік малдың соңында жүріп, аспапсыз-ақ аспан денелерін білген шопандардың ақылына қайран қалмай тұра алмайсың мұндайда. Қазақ қыстың қатты болатынын, жылқының қырға шығып үйездеуінен, өрістен қайтқан қойдың езуінде ілінген шөпке қарап біліп отырған. Ал қойы қораға емін-еркін алшақ басып кірсе, қыс жайлы болады деп арқасын кеңге салып, шөптің буынының ерте қатуынан қыстың қатты боларын ерте біліп отырған халқымыздың сол даналық, даналық қасиеті бүгінгі ұрпақтың бойында сақталмауына не себеп деп кейірсің мұндайда. Мейлі, қалай болмасын, қыстың қысатыны анық. Қазақтың «ай қораланса аяғыңды, күн қораланса күрегіңді сайла» деп айтатын сөзіне жан бітетін кезі де келді, міне.

№130 (4718) 31/10/2024 Бейсенбі

РУХАНИ БАЙ ТҰЛҒА

Қасым Аппасұлы Тәукенов ағамызды жастау кезімде сырттай білуші едім. Оның себебі, ол кісінің бажасы Бурабай ауданында отыз жылға тарта білім саласын басқарған, білім саласының жоғарғы дәрежелі мараппаттарына ие болған, бүгінде марқұм Исай Ибраевпен ұзақ жыл дос болдым. Сол кезде бір-екі рет кездесіп едім. Бірде сәті түсіп, ол кісінің үйіне Исаймен қонуымызға тура келіп еді. Ол кезде ағамыз облыстық атқару комитетінің төрағасы болатын, біз барғанда бір ауданға жол жүріп кетіпті.

Қонақ аз отырып, көп сынайды демекші, бөлмелерді аралап көрдік. Сонда байқағаным, бір бөлмесін қазақи дәстүрмен безендіріп қойыпты. Еденде баяғы аналарымыз тоқыған алаша, қабырғаларда ұлы батырлардың қару-жарақтары, қамшы, т.б. ата-бабаларымыздың күнделікті тұрмыста пайдаланатын заттары. Екінші бір бөлме ол кісінің қағаздармен жұмыс істейтін орны екен. Бұл бөлмеде үстел, сосын бір қабырғасы еденнен бастап, төбеге дейін кітаптар сіресіп тұрған сөрелері. Былай көз жүгіртіп қарап едім, неше түрлі құнды кітаптар бар екендігіне көзім жетті. Бұрын еститінмін, барған жерінде кітап дүкеніне кірмей кетпейді деп. Бір ауданға бірінші хатшы болып барғанда, кітап қоймасын аштырып, шашылып жатқан кітаптардың ішінен бірнеше өзіне керек кітаптарды тауып алыпты. Бірде өз көзіммен көрдім, Сілеті ауданына келгенде, екі-үш кітапты қолтығына қысып ұстап жүргенін. Ақын Мұзафар Әлімбаев пен ғалым Тұрсынбек Кәкішев «Сәкен жүрген жолдармен» деген экспедицияға шыққанда, Атбасарда Қасекеңнің үйінде болғандығын, Алматыда Мұзағаңның үйінде қонақта болғанда ақын ағамыз айтты: Қасымның үйінде Алматының республикалық кітапханасында жоқ кітаптар бар екен деп. Ағаның үйінде болғанда, зайыбы Майраш айтты: қай кітаптың қай жерде тұрғанын біледі. Біреу байқаусыз орнын ауыстырса, қатты ренжитін деп. Міне, осыдан ол кісінің кітапқа сүйіспеншілігін байқауға болады. Менің болжауымша, ол кісі – жақсы маман, басшы ғана емес, рухани бай адам. Сол кітаптардан алған білімінің арқасында өзі бірнеше кітаптың (авторы) иесі болып отыр.

Менің кітапханамда ол кісінің қазақша-орысша бес кітабы бар. Олар «Кешеден келдік бүгінге», «Абай бол, арлан», «Поклонись тюркам» т.б. кітаптар Қасекеңнің досы марқұм Нұрғожа Оразов кітаптың алғашқы бетінде былай деп ой қозғайды: «Сіздерге ұсынылып отырған осы бір естелік эсселерінде, автор намыс туын жоғары ұстап, елінің елдік қасиетін сақтап қалуға тырысқаны жөніндегі жайларды оқып, танысасыздар» десе, автор қысқасы, көп ойланып-толғанып, көрген-білгенімді, өмірден жиған ойымды, тергенімді ой елегінен өткізіп жылдар бойы іштей қорыта жүрдім де, қалтқысыз қаз-қалпында айтып беруге бел будым. Бұл менің имандай шыным. Сеніп қағазға түсіріп отырмын дейді. Кітап өте шынайы тілде жазылған, оқи отырып жазғанының бәрі шындық екеніне көз жеткізесің. Менің кейіпкерім өткен ғасырдың отызыншы жылдарының басында өмірге келсе, ол қандай заман болғанын кітап арқылы болса да білесіздер. Ауылдарда көшпелі халықты тұрақтандыру мақсатында ұжымшаралар құрылып, байдың малын, жерін тартып алып, кедейлерге беріп, халықтың хал-жағдайын теңестіремін деп асыра сілтеушілікке ұрынып жатқан кез болатын. Одан отыз жетінші жылдардың қуғын-сүргіні, Екінші дүниежүзілік соғыс, соғыстан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңі, елуінші жылдардың басында тың игеру науқаны. Осылардың бәрін жас жігіт Қасым басынан кешірді, куәсі болды. Сондай қиыншылықтарды ата-анасымен бірге көріп, ой түйді. Ақмола облысының Целиноград, Астрахан, Ерейментау, Атбасар аудандарында, Ақмола, Көкшетау қалаларында лауазымды қызметтерді атқарып, сол өңірлердің халқымен етене танысып, ол елдердің табиғатымен, халқымен терең танысуына мүмкіншілік алды. Мысалы, Ерейментау ауданында аңшылықпен айналыса жүріп, тарихи орындармен танысты. Онымен қоса, сол елдің атақты қарты Көшербай ақсақалмен жолдас болып, аңшылық өнерімен, сол өңірдің аңыз әңгімелерін тыңдап жүрді.

Қасекең онымен қоса облыстық, республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында маңызды мәселелерді көтеріп, өз ойларымен бөліседі.

Мысалы, соңғы уақытта шыққан «Атты адамның ақылы төбесінде» мақаласында елімізде жол апатынан мыңдаған адамның опат болып жатқандығын қынжыла жазады. «Бүгінде жол апаты әлі де өршіп тұр. Бұл мақаласында мынадай жолдар бар, бүгінгі заманның аты – автокөлік. Көлік тізгінін қолға алған әр адамның арқасы қозып, қызбалыққа салынуы бекерден бекер болмас».

Қасым Аппасұлы қатардағы мал дәрігерінен облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына дейін көтерілгенде, ол кісіні бойына, түріне қарап өсірмеген шығар. Ол ағамыздың білімділігін, басқару қабілетінің жоғарылығын, халықпен етене жақын жұмыс істей алатындығын ескерген болуы керек деп ойлаймын. Қазір естимін, партиялық функционерлерді дәріптей бермеу керек дегенді. Ағамыз сол дәуірде өмір сүргеніне, қызмет атқарғанына кінәлі емес қой. Меніңше, дәуірге қарап емес, еңбегіне қарай бағалау керек. Сол қызметтерде жүріп, біраз адамдарға шапағаты тиген шығар деп ойлаймын. Солардың біреуі өзіммін. Студент балаларымның жағдайына байланысты көлік қатынасы жақсы жаққа ауысу керек болды. Марқұм М.С.Есмағамбетова облысқа жұмысқа аламын, әзірше істей тұр деген. Бір жылдан аса уақыт өтті, ол кісіден хабар болмады, сосын әрекет жасап, Аққөл ауданына ауысқым келді. Аудан жібермеді. Сосын Қасым Аппасұлының қабылдауына кіріп, жағдайымды айтып түсіндірдім. Аққөл, Сілеті ауданының басшыларымен менің көзімше сөйлесіп, орынбасары С.Ж.Жалмағамбетоваға тапсырма берді. Сөйтіп, сол кісінің көмегімен Аққөл ауданына қызметке ауыстым. Ол кісі әр жерде қызмет істегенде өтінішпен кіргендер аз болған жоқ шығар.

Қасым аға, тоқсанның төріне шықтыңыз, құтты болсын! Біз де сіздің өкшеңізді басып келеміз. Сіз бір кітабыңызға былай деп жазып едіңіз: Ереке! Ұмыр бақыт тілеймін. Естелік жазуыңа тілектеспін, көрген-білгенің мол. Ел азаматысың, ағаң Қасым. Сол ұсыныңызды орындап, Жайық Бектұровпен, Сағадат Нұрмағамбетовпен айналыстым. Қазір Жұмабек Ташенов тарихтан өзінің лайықты орнын алса деген ойдамын.

Аға, осылай алдымызда айбар жүре беріңіз, біз інілеріңіз, соңыңыздан еруімізге Алла тағала жазсын демекпін.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі

ІНІДЕН ІЗЕТ

(Қасым Аппасұлы Тәукеновтің 90 жылдық мерейтойына)

Беу, Аға, бір қазақпыз –
сіз де, мен де,
Үлкенсіз – табылатын іздегенде.
Інінің ізеті ғой деп біліңіз,
Өзіңді қосар болсам ізгі өлеңге!

Кейбіреу сәлемін де бұлдағанда,
Ойлаймын: жыр бағам ба,
мұң бағам ба?
Аға деп сосын Сізге сөз арнадым,
Арлысы аз, азғыны көп
бұл қоғамда!

Шырқалып ел мен жер деп
жаның әні,
Күн кешкен бір адамсыз
мағыналы.
Ағалық, даналық та – бәрі, бәрі,
Бір Сіздің бойыңыздан табылады!

Ілгері сүйреп бізді алағай күн,
Ізіне жүрміз еріп сан ағайдың.
Қазақта ақсақалмын дегендерді,
Мен сосын сізге қарап
бағалаймын!

Осынау тірлік деген дүрмекпенен,
Кім келіп бұл дүниеге,
кім кетпеген.
Адамсыз – арыңызды биік ұстап,
Жаныңның тазалығын
кірлетпеген!

Тойым деп жинасаңыз
көпті бүгін,
Демегін: артық сөйлеп
кетті ме інім.
Асылдың сынығындай
бір адамсыз,
Қанында жоғалтпаған
тектілігін!

Ел жетсе бүгін енді шын бағаңа,
Әйтеуір еңкеймесін тұлғаң, Аға!
Сіздің де салып кеткен ізіңіз бар,
Сарыарқа дап аталар
бұл далада!

Ал, Аға, құтты болсын,
тағы да бір,
Жаратқан құя берсін
жаныңа нұр.
Қарттыққа жақсы жеткен
бір адамсыз,
Жұқтырмай жаныңа кір,
арыңа кір!

Жүрсе де әр заманда
әркім күндеп,
Ешқашан айтпадыңыз
сарқылдым деп.
Төрінде Астананың бүгін енді,
Отырсыз секілденіп алтын
діңгек!

Бәріміз бір Аллаға пендеміз бе,
Пәниге аз күн қонақ келгеміз бе.
Ортада дәл осылай жүріңізші,
Дүрсілдеп аппақ жүрек
кеудеңізде!

Тірліктің тарқамайтын
базарында,
Ағалық айбын тұрсын
ажарыңда.
Айнала алқалаған
ел-жұрт үшін,
Жүріңіз Жаратқанның
назарында!

Сайлау БАЙБОСЫН

СОЛДАТТЫҢ СОЙДАҚТАЛҒАН ТАҒДЫРЫ

Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен кейін оған өз өмірінен қымбат не бар дейсің, мына жарық жалғанда?! Алайда дауылды күні тау асып, жаңбырлы күні адасып жүріп бізді осы күнге жеткізген бабаларымыздың тағдыры қашанда да ауыр болды.

Шапағат ӘБДІР

Әсіресе тарихымыздың ең бір ауыр кезеңдері – сонау ашаршылық жылдары мен қуғын-сүргін жылдары. Одан аман қалғандарды соғыс жылдарындағы дүрбелең әлекке салды. Сол бір өлара кезеңдердегі үш ұрпақтың тағдыры бүгінге дейін үш мың жылдық қайғымызды қозғайтыны да сондықтан. Соның куәсі, әкесі бола тұра түрін-түсін білмей өскен, соғыстың өзін әкесі ғана көргенмен, зардабын әлі күнге дейін өзі тартып келе жатқан Қарағанды облысы Ақтоғай ауылының тумасы, Қорғалжынның тұрғыны – Нариман Мусин. Ол кісі біздің редакцияға келіп әкесінің бастан кешкен тарихын, өзінің сол бір сүркейлі жылдарға деген наласының ауыр екенін айтып, бастан кешкен тар жол тайғақ кешулерін әңгімелеп берген болатын.

– Соғыс кімнің басын қайда қалдырмады? Мен әкем Анас Садықұлы әскерге кеткен кезде бір жасқа да толмаған анамның құшағындағы бала болыппын. Сондықтан мен әкемнің кім екенін 20 жасыма дейін білмей өстім. Өйткені әкем соғыста жүргенде қайтыс болды деген қара қағаз келген. Сөйтсек, 1943 жылы ірі шайқастардың бірінде әкем бір қол, бір аяғынан қатты жараланып, ес-түссіз әскери емханаға жатып қалған екен. Оны сол кездегі дәрігерлер қате қағаз толтырып, өлді деп хабарлама жазып жіберген. Сөйтіп анамызға қара қағаз келген. Ал анамыз болса сол хабарды естіп, екінші рет ауылдың бір адамына тұрмысқа шығып кетеді. Ол кісіден анам Шайзат Түсіпбекова 6 баланы өмірге алып келеді. Бұл кезде соғыстағы әкеміз жаңағы ауыр жарақатынан жазылып, есін жинап, қайтадан соғысқа аттанады. Әрі ол көзсіз ерлігі үшін, соғыста көрсеткен еңбегі үшін екі рет «Қызыл жұлдыз», «Даңқ» орденін алады. Сондай-ақ ерлігі үшін медальмен марапатталады. Бірақ ол кісінің Берлинді, Праганы соғыста қорғағанынан хабарсыз ауыл адамдары «соғыста өлді» деген желеумен ұмытып та кетеді. Ал әкем болса, 1945 жылы қараша айында соғыстан аман-есен елге оралады. Сөйтіп, елге келгеннен кейін әкем туған жері Шығыс Қазақстанға барады. Одан қайта айналып, Қарағандыда жұмысқа тұрады. Алайда сол кезде бірін-бірі аңдыған заман болғандықтан, әкемнің әкесі Садық Жақыпұлы 37-жылы ұсталып, «халық жауы» деген атпен атылғанын білетін біреу, менің әкемнің үстінен бұл «халық жауының» баласы деп арыз жазып жібереді. Соғыстың зардабын тартып, бір өліп-тірілген әкем енді қайтадан ұсталып, түрмеге тоғытылады. Сөйтіп, кейін түрмеден шығады. Түрмеден шыққасын төрт жыл бойы еш жерге жұмысқа алмай қойғандықтан сандалып, әр жерде бір жүреді. Кейін 1951 жылы атақоныс жері Шығыс Қазақстанға барып, қайтадан әскери қызмет атқарады. Одан бір жылдан кейін Оңтүстікке қоныс аударады. Онда да жақсы жұмыс істеп жүрген әкем 1955 жылы бұғалтыр болып қызмет істеп жүрген жерінен Келес аудандық корпорациясы дауыс беру жүйесі бойынша депутат болып сайланады. Алайда жаңағы «халық жауының» баласы деген атақ тағы да жайына қоймай, 1961 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының прокуратурасы 3 рет ол кісіні сұрақ алмаққа шақырады. Мұның бәрі шын мәнінде соғыстан келіп, түрмеге түскен адамның жүйкесін әбден шаршатады. Міне, сол жылы әкем өзіне жасалған қысымды көтере алмай, бір жағы денсаулығының нашарлауына байланысты дүниеден өтіпті деп күрсініп, әкесін есіне алған Нариман Мусин соғыстың зардабын ашына айтып, қолындағы әкесінің сартап болған суретін сипап отырып, әкесінің суреттегі бейнесінің өзі жігер мен рух беретінін айтады.

– Менде ол кісінің соғысқа алынған кезінен бастап барлық құжаттары сақталып тұр. Мен сол көнеріп тозған қағаздарға қарап, ол кісіні сағынамын. Ерлігіне сүйінемін. Міне, сондай бірде қар кешіп, бірде қан кешіп жүріп біздердің осы күнге жетуімізге жұмыс жасап, қаны мен терін төккен менің әкем сияқты қаншама боздақтар болды?! Олардың сол еткен еңбектерін бүгінгі ұрпақ біліп, сол өткен тарихтан сабақ алып, мына бейбіт күннің, тәуелсіз елдің қадірін білсе деймін. Өйткені жаңа өзім айтқандай, соғыс бізді әкемізден айырды. Балалығымызды ұрлады. Сондықтан да соғыстың зардабын көрген адам ретінде менің жастарға тілерім де, айтарым да тек жақсы ойлап, тәрбиелі білім алса екен деймін. Біз көрген қиыншылық пен қорлықты тәуелсіз елдің жастары ешқашан көрмей өтсе екен деген тілектемін, – дейді Нариман Анасұлы.

Осылайша соғыс кезеңіндегі балалық шағын және әкесінің қилы тағдырын әңгімелеген Нариман Мусин бүгінде үш баласынан он немере, екі шөбере көріп, өсіп-өнген әулет болып керегесін кеңге, желкенін желге жайып отыр. Бұл да болса бүгінгі тәуелсіздігін алып, жоғының орнын толтырып, бейбітшілікпен дамып келе жатқан Отанымыздың барлығының, еліміздің бірлігінің арқасы шығар?!.

Өнерде ұлт болмайды. Себебі ол күллі адамзатқа ортақ құндылық болып саналады. Әрі талант адам талғамайды. Оған кешегі көзі соқыр бола тұра әлемдік әдебиеттің шыңына шыққан Гомер, құлағы керең бола тұра әлемдік музыканың мектебіне айналған Бетховен толық дәлел бола алады.

НҰРДАН БОЯУ ЖАСАҒАН *Нұралы*

Ал ондай талантынан тас жанған адамдар бүгінгі ортамызда да бар. Яғни жас болса да өз қалауы бойынша білім ізденіп, қоғамдағы мүмкіндіктердің бәрін пайдаланып жүрген Нұралы Шмановтың суреткерлік болмысы ұлы суретші Павло Пикассоның «Суретші көргенін емес, сезінгенін салады» деген сөзінің жарқын мысалы іспетті. Олай болатыны, Нұралының көркемдік әлемі өмірге деген құштарлық пен мейірімділікке, сұлулық пен нұрға тұнған дарынды туындылардан тұрады. Қылқалам, боялар мен кенеп маталар сегіз қырлы, бір сырлы азаматтың шын мәнінде өмірлік серіктеріне айналған. Ол өзінің картиналары арқылы өмірдің барлық қиындықтарын табандылықпен жеңе білуге үндейді.

Атақты классик Леонардо да Винчидің «Кескіндеме – бұл көретін поэзия, ал поэзия – естілетін кескіндеме» деген сөзі бар.

Нұралы Нұртасұлы да – бойынан кескіндемеге байланысты ереженің бәрі табылып тұрған тұнба талант. Оның туындылары, негізінен, өзінің аяулы ата-анасына, жақын достарына және өзін түсінетін, бағалайтын, бейнелеу өнерін жақсы көретін туыстарына арналған. Бұл жерде, әрине, «Ұяда не көрсең, соны ілесің» дегендей, Нұралының бүгінгі шыққан биігі және өзіміз жақсы білетін тамаша адамгершілік, азаматтық болмысы, ең алдымен, әкесі Нұртас Нұрибекұлы мен анасы Гүлжан Шайханқызының тағлымы мол тәлім-тәрбиесі мен мұқалмас қажыр-қайратының жемісі дер едік. Әу бастан перзентінің әкенің қаны, ананың сүтімен келген туабітті қабілетін дер кезінде аңғарып, оның өнер жолында шыңдалып жетілуіне көрегендікпен жолбасшы бола білген ата-ана үміті бүгінде толығымен ақталып отыр. Біз болсақ, Нұралының ата-анасын, туыстас, сыйлас ортасын мерейлі қуанышқа бөлейтін жұлдызды шақтарының алда да көп болатынына бек сенімдіміз. Ал Нұралы өзінің өнерге келуіне ата-анасының тәрбиесінен бөлек ұстамды ұстазының да көмегі көп тигенін айтады.

– Мен бүгін қандайда бір жетістіктерге жетіп жатсам, онда ол біріншіден, ата-анамның және мені осы өнер ортасына бейімдеген, жастайынан көркемдік әлемге баулыған тұңғыш ұстазым Шолпан Қажахметованың еңбегі зор. Ол кісінің кәсіби біліктілігі мен зияткерлік қасиеті арқасында мен бейнелеу өнерін ерте бастан жете меңгеруге ден қойдым, – дейді Нұралы Шманов.

Нұралы Нұртасұлы да – бойынан кескіндемеге байланысты ереженің бәрі табылып тұрған тұнба талант. Оның туындылары, негізінен, өзінің аяулы ата-анасына, жақын достарына және өзін түсінетін, бағалайтын, бейнелеу өнерін жақсы көретін туыстарына арналған

Шын мәнінде Нұралының кез келген суретінің мазмұны айқын, айтар ойы терең. Ол өзінің еңбекқорлығы арқасында сүйікті қылқалам шеберлері – Леонардо да Винчи, Ван Гог және басқа да ұлы суретшілердің шығармашылығын зерттеумен айналысты.

Астана қаласының №17 гимназия-лицейін үздік бітірген ол қазіргі уақытта Швейцария – Америка колледжінде оқиды. АҚШ-тың Филадельфия қаласында оқу процесі курсынан және Астанада өзінің жеке көркемдік шеберлігін шыңдау курстарынан да қалмай өтіп жүрген оның тағы бір қыры – өзін жан-жақты дамытуға және шет тілдерін үйренуге көп көңіл бөлуі. Ол қазіргі таңда ағылшын, неміс тілдерінде еркін сөйлейді, енді, міне, қосымша қытай, түрік тілдерін меңгеруде. Бүгінгі таңда араб тілін үйренуге де зейін салуда. Бұдан тыс ол өзінің спортпен де айналысатынын әрі жеткен жетістіктерінің де аз емес екенін айтып, өзі туралы әңгімеледі.

– Мейлі, қандай жағдай болмасын мен спортпен белсенді түрде айналысамын. Соның нәтижесінде паралимпиадалық спорт түрі – боччеден Астана біріншілігі мен Қазақстан Республикасының чемпионатына қатысып, өз санатымда екінші орын алдым. Сондай-ақ қазіргі таңда көзбен басқарылатын арнайы құрылғының көмегімен компьютерді де жақсы меңгеріп алдым. Мұның бәрі менің өнерге деген қызығушылығыммен өмірге деген ынтамды оятады, шабыт береді. 2019 жылы Астана қаласының Ұлттық музейінде «Әлемді бояумен әрлендір» атты алғашқы жеке көрмемді өткіздім. Міне, сол мұражайда акрил бояумен әртүрлі тақырыпта салынған елу сегіз картинамды жұрт назарына ұсындым. Әрине, бұл менің шығармашылығымдағы маңызды кезең болып қалды. Өйткені жеке көрме өткізу – кез келген суретшінің өміріндегі аса салтанатты әрі қызықты оқиға екені анық, – дейді ол.

Біз Нұралының осынша білімге, өнерге құштарлығын көріп таңғалмай тұра алмадық. Алдағы уақытта оның Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-тарихи мұражайының ғимаратында «Менің суреттерім – менің ойларым» атты жеке көрмесінің ашылуы жасалмақ. Оған соңғы 5 жылда салынған жаңа туындылары қойылмақ. Біз осындай таңғажайып таланттың өнерін қызықтауға қашанда дайын екенімізді, оны қолдайтынымызды айтқымыз келеді.

Жұмажан ЖҮКЕНОВ,
қоғам қайраткері, білім саласының құрметті қызметкері

АЛАЯҚТЫҢ АЙЛАСЫ КӨП

Заман дамыған сайын алаяқтықтың жолдары да көбейді. Әсіресе, жаңандық трендке айналған жасанды интеллекттің жаппай қолданысқа енуі алаяқтардың да қолын ұзартып, алдау амалдарын көбейте түсті. Елімізде де интернет-алаяқтарынан зардап шеккендердің саны жылдан-жылға артып бара жатыр. Мәселен, Ішкі істер министрлігі 13 мыңнан астам қылмыстық іс қозғаса, оның тек 2590-ы сотқа жіберілді. Ал құрықталған қылмыскерлердің саны небәрі – 914. Себебі олардың барлығы дерлік шет мемлекеттерде отырып алдамшылық жасайды.

Қазір танымайтын адаммен бейнеқоңыраумен сөйлесудің өзі қауіпті. Өйткені олар сөйлесу барысында адамның бет-әлпетін фото-видеоға түсіріп алуға тырысады да, кейін face id арқылы мобильді банкингтің көмегімен ақшаңды үптеп кетуі әбден мүмкін.

Қазіргі таңда әлеуметтік желіде ең көп таралған алдамшылық түрі – ватсап немесе телеграм мессенджерлеріне сілтеме жіберу. Демек, телефоныңызға келген әртүрлі сілтемелерге кіре беруге болмайды. Өйткені алаяқтар сілтемені басқан сәттен пайдаланып, жекелердің деректерін алып, өз мақсаттарына қол жеткізеді. Жақында бейтаныс біреу маған телефон шалды. «Сізге Қазпочтадан сәлемдеме келіп тұр. Бір сағаттан кейін жеткізуші затты үйіңізге жеткізіп береді, кіру ақысы төленіп болған, сіз ештеңе төлемейсіз, тек қабылдап алсаңыз болды» деп «Сіздің мекенжайыңыз осындай ғой» деп үйіміздің мекенжайын айтты. «Мен ешқандай заказ берген жоқпын» деп едім, «Міне, сіздің атыңызға келіп тұр, мүмкін туыс-таныстарыңыз берген шығар» деді. «Жақсы» дедім. Аздан кейін қайта телефон шалып, «жеткізуші жолға шықты, қазір сізге 1414-тен келтехат барады, сол 6 орынды санды маған айтыңыз деді. Келтехат хат келді, бірақ мен әлгілерге оны айтудан бас тартып едім, «онда сәлемдемеңіз кері қайтып кетеді» деп телефонды жаба салды.

Әрине, біздің елде ресми хабарламалардың барлығы 1414-тен келеді ғой. Бірақ оған сеніп, 6 орынды санды айтқанымда алаяқтар менің барлық деректерімді алып, ақшамды сыпырып кететінін Қазпочтаға барғанда бір-ақ білдім. Қазпочта ешкімге телефон шалып, сәлемдеме жеткізіп бермейтінін айтқан пошта қызметкері ел көлемінде осындай алаяқтық түрінің өршіп тұрғанын, осыдан бұрын біраз адамның оған алданған айтып, сақ болуды ескертті.

Қазір дамыған елдерде жасанды сана арқылы алдау өте тез етек алып барады. Алаяқтар үшін біреудің бет-бейнесін, дауысын жасау қиын жұмыс болмай қалды. Соңғы кездері кейбір елдерде дәл осы жасанды сананың көмегімен бала ұрлау қылмысы да көбейген.

Жиып айтқанда, алаяқтардың алдам қалтасына түспеу үшін, телефоныңызға келген белгісіз сілтемені албаты баспаңыз. «Біз банктенбіз, полицияданбыз» деп телефон шалса да, жіберілген SMS kod-ты ешкімге айтуға, танымайтын адамнан келген видеобайланысты қосуға болмайтынын әркез естен шығармау керек. Яғни, басқаларға алданып, тақырға отырып қалмау үшін, құқық қорғау орындарының мына ескертулерін ұдайы жадыңызда сақтаңыз.

Егер сізге банк қызметкерлері қоңырау шалса, сөйлесуді дереу аяқтаңыз. Есіңізде болсын, банк қызметкері сіздің жеке деректеріңізді нақтылау үшін сізге ешқашан қоңырау шалмайды. Банкте сіздің толық қаржылық файлыңыз бар. Бұл ақпарат тек алаяқтар үшін маңызды!

Егер сізге құқық қорғау органдарынан қоңырау шалынса, күдіктінің қай полиция бөлімшесінде тұрғанын, қандай бап бойынша айып тағылғанын, әрекет қашан жасалғанын, адвокаттың көмегі көрсетілді ме, онымен қалай байланысуға болатынын сұраңыз. Сондай-ақ олар сізді атынан шақырған ұйымның сенім телефонына: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен аудандық ішкі істер бөліміне дербес қоңырау шалу керек.

Дауыстық роботты (спам-мерді) тану қиын емес. Қоңырауды аяқтап, нөмірді блоктаңыз. Егер сіз әлі де ботпен «байланысты» жалғастыруды шешсеңіз, абай болыңыз, сөйлескен кезде, мысалы, «Иә», «Солай», «Дұрыс», «Мақұл», «Жарайды» деген сөздерді мүлде қолдануға болмайды. Яғни атыңды атап «сіз сол кісісіз бе?» десе, «Иә» десеңіз, алаяқтың мақсаты орындалғаны. Сондықтан мақұлдау сипатындық сөздерді мүмкіндігінше аз қолданып, мемлекеттік тілде, яғни қазақ тілінде сөйлеуге тырысыңыз. Өйткені алдамшылардың көбі қазақ тілін еркін меңгермеген.

Жанар ЖАЙЛАУБАЙҚЫЗЫ

№130 (4718) 31/10/2024 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ
4 ҚАРАША

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Інжу-маржан»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Қол созған үміт». Телехикая.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТІ». Реалити шоу
